



Индустриялық
аймақ іске
қосылды

2-бет



МӘМС жүйесіне
өзгеріс енеді

4-бет



Жыл үздіктері
анықталды

8-бет



• БӘРЕКЕЛДІ!

Чемпионға құрмет

Токио төрінде өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарында ұлттық құрама спортшылары керемет өнер көрсетті. Нәтижесінде, ел қоржынына сегіз алтын, төрт күміс және 13 қола жүлде түсті. Сурдлимпиада ойындарының қатысушыларын Премьер-Министр Олжас Бектенов арнайы қабылдап, Мемлекет басшысының атынан мемлекеттік наградаларды табыстады. Награда алғандардың қатарында төрт жерлесіміз де бар.



Марапаттау рәсімінде Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға, ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін спорт инфрақұрылымын кеңейтуге айрықша назар аудару қажеттігін атап өткендігін баса айтты.

– Сурдлимпиада ойындары елімізде сурдлимпиадалық қозғалыстың тұрақты әрі жүйелі дамып келе жатқанын айқын көрсетеді. Бұл – спорт ұйымдарының, жаттықтырушылардың және өз еңбегі мен табандылығының арқасында болашақ жеңістерге берік негіз қалап жүрген спортшылардың бірлескен жұмысының нәтижесі, – делі Премьер-Министр.

Сурдлимпиада ойындарының үш дүркін чемпионы, дзюдошы Еркебулан Қанапин «Құрмет» орденімен марапатталды. Дәл осындай мемлекеттік награда оның жеке тәлімгері, сурдодзюдодан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Сергей Дмитренкоға да табысталды.

Таэквондодан қола жүлдеге қол жеткізген жерлесіміз Аян Әбдіраш, Айжамол Әбдікәтова және Алда Мақатова Премьер-Министрдің Алғыс хатымен марапатталды.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан


«Үшінші қазандықтың» жаңа дәуірі

Көмір жакқан жұрт үйіндегі жылудың шарапатын бек сезінеді. Қадірі де жете біледі. Кезінде төрткүл дүниеге қара алтын қорымен мәшһүр болып, «Үшінші қазандық» атанған кеншілер астанасының жергілікті жұрты өткен өрнекті өміріне құрметпен, келер келешегіне зор үмітпен қарайды. Өндірісті өлкенің жаңғырығы сөйлемеді. Ертеңгі ересен мүмкіндігін батыл жүзеге асырып жатқан кенішті аймақ болашағына кенеусіз күш сақтап тұр. Ал, қарыштаған экономикалық саясаттың бастауында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың он ықпалы тұр.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екпін

Бір жағында – Қазақстанның экономикалық қуатын қалыптастырған кеншілердің бірнеше буыны еңбек еткен шахталар, екінші жағында – Қарағандыны инновациялар мен «жасыл» технологиялар хабына айналдыруды көздейтін ауқымды жоспарлар. Өңір алдағы жылдары өндірісті жаңғырту мен жаңа технологияларды енгізуге басымдық бере отырып, 120 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды көздеп отыр. Инвестиция көлемі – 1,6 триллион теңге. Металлургия алыбы Qarmet кәсіпорнында көмірге тәуелділікті азайтып, «жасыл» металлургияға көшу мақсатында инновациялар қазірдің өзінде енгізіліп жатыр. Өндірістік белдеуде кремнийлі қорытпалар өндіретін зауыт бой көтерді.



Коллаж жасаған Арайым Котгаша

➤ 3-бет

• КӨКЕЙКЕСТІ

Қараусыз мал қарусыз күзет секілді

Ауылдағы тыныштық төрт түлікпен өлшенеді. Ал, сол малдың ұрлануы бір отбасының ғана емес, тұтас ауылдың берекесін кетіреді. Соңғы жылдары мал ұрлығына қатысты заң талабы күшейтілді, полицияның техникалық мүмкіндігі артты, бақылау күшейді. Бірақ, мәселе түбегейлі шешілді деуге әлі ерте. «Өйткені, қараусыз қалған мал – ұрыға ашық қалдырылған есік» дейді төрт түліктің жай-күйін бес саусақтай білетін ауылдың малсақ жұрты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заң талабы күшейтілді, бірақ...

2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң мал ұрлығына қатысты мемлекеттік ұстанымды түбегейлі өзгертті. Мал

ұрлығы жеке бап ретінде Қылмыстық кодекске енгізіліп, ауыр қылмыс санатына жатқызылды. Бұл кезекті қадам емес, нақты сигнал болатын, түсінген жанға.

Қылмыстық кодекстің 188-1-бабына сәйкес, бөтеннің малын ұрлаған адам үш мың айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл төлеуі, сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тартылуы, бес жылға дейін бас бостандығынан айырылуы немесе бас бостандығы шектелуі мүмкін. Ал, алдын ала сөз байласу арқылы, ірі мөлшерде немесе қылмыстық топпен жасалған мал ұр-

лығы үшін жаза одан да ауыр – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейін, ал, кей жағдайда 10-12 жылға дейін түрме жазасы көзделген.

Құқықтық тұрғыдан қарасақ, мал ұрлығы мен адам өлтіру – екеуі де ауыр қылмыс. Бірақ, адам өміріне қауіп төндіретін қылмыстар үшін сегіз жылдан он бес жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы берілсе, мал ұрлығы үшін ең жоғары жаза – он екі жылмен шектеледі.

Заңгерлер үшін бұл айырмашылық орынды болуы мүмкін. Ал, ауыл ада-

мы үшін бір табын сиырдан, бір үйір жылқыдан айырылу – кейде өмір сүру көзінен айырылумен тең.

Анықтама ұрлыққа бөгет емес

Осы тұста Полиция департаменті ұсынған ресми деректер көңілге медеу болатындай. Нақтырақ айтсақ, Қарағанды облысында 2024 жылы мал ұрлығы 30,5 пайызға төмендеген. Жыл басынан бері 19 мал ұрлығы фактісі ашылып, 4 қылмыстық топ құрықталған. 572 қылмыстық дерек бойынша 89 топ анықталып, 4 588 бас мал заңды иелеріне қайтарылыпты.

Бірақ, ауыл арасындағы әңгіме бұған қарағанда. «Көршінің жылқысы жоғалыпты», «Қой қорадан әкетілген», «Сойылған малға анықтама алу оңай болып кетті» деген ел арасында желдей еседі. Алайда, нақты дерек сұрасаң – бәрі жалтарып шығады. Көргенін айтпайтын, білгенін білдірмейтін үнсідік бар. Ұрыны әшкере-леуден гөрі, тыныш отырғанды жөн көретін психология қалыптасқан.

Бұны қылмыстың көлемінде қалуына мүмкіндік беріп отырған ең қауіпті факторлардың бірі деуге келетіндей...

➤ 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otдел.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Индустриялық аймақ іске қосылды

Қарағанды қаласында мемлекеттік қолдау аясында шағын индустриялық аймақ іске қосылды. Бұл – өңірдегі шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған нақты әрі нәтижелі жобалардың бірі. Жаңа алаң жергілікті тауар өндірушілер үшін дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік база ұсынып, кәсіпкерлердің шығынын азайтуға және өндірісті тез жолға қоюға мүмкіндік беріп отыр.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған алаңда шағын және орта бизнес өкілдеріне қолжетімді жалдау бағасымен дайын өндірістік цехтар ұсынылады. Барлық ғимараттар инженерлік коммуникациялармен толық жабдықталған. Бұл – кәсіпкерлер үшін өндірісті нөлден бастамай, дайын алаңда бірден жұмысқа кірісуге жол ашады.

Облыс орталығындағы алғашқы шағын индустриялық аймаққа облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы барып, жасалған жағдайлармен танысты. Кәсіпкерлермен жүздесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

– Шағын индустриялық аймақтар құру – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қойған маңызды міндеттердің бірі. Бұл – шағын және орта бизнесті қолдаудың тиімді құралдарының қатарында. Біздің өңірде бұл тетік «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлерге өндірістік ғимараттар салу үшін 3 пайыз мөлшерлеменен жеңілдетілген несиелер берілді. Ал, пайдалануға берілгеннен кейін нысандар басқа бизнес өкілдеріне нарықтағы бағадан төмен құнмен жалға ұсынылады, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы мұндай форматтың жергілікті тауар өндірушілерді қолдауда тиімді әрі ұзақмерзімді нәтиже беретін тетік екенін атап өтті.

Шағын индустриялық аймақты құрудағы басты мақсат – жаңа бәсекеге қабілетті өндірістерді іске қосу, қосымша жұмыс орындарын ашу, өңір экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету.

Бұл ретте мемлекет бизнеске тікелей қаржылай қолдау ғана емес, инфрақұрылымдық дайын шешім ұсынып отыр. Өйткені, өндірістік ғимарат салу, коммуникация тарту – кәсіпкер үшін ең үлкен шығындардың бірі.

Жаңа алаңда бүгінде екі өндіріс орны жұмыс істеп тұр. Оның бірі – су және газбен жабдықтауға арналған полиэтилен құбырларын шығаратын кәсіпорын, екіншісі – кабель өнімдерін өндіретін зауыт.

Бұл екі өндірістің іске қосылуы шамамен 100 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта резиденттер саны артқан сайын жұмыс орындарының да көбеюі күтілуде.

Шағын индустриялық аймақтың жалпы аумағы 4,2 мың шаршы метрді құрайды. Мұнда өндірістік цехтардан бөлек, қойма, кеңсе және техникалық бөлмелер қарастырылған.

Өндірістік алаңдардың сапасы мен дайын инфрақұрылымын кәсіпкерлер де жоғары бағалап отыр. Кәсіпкер Сергей Миловановтың айтуынша, ғимараттар заманауи талаптарға сай салынған.

– Өндірістік ғимараттар жаңадан тұрғызылған. Барлық қажетті инфрақұрылым – электр және сумен жабдықтау, көріз жүйесі,

газбен жылыту толықтай тартылған. Бұл кәсіпкерлер үшін үлкен жеңілдік, – дейді ол. Жобаның модераторы ретінде «Сарыарқа» ӨКК жалдау мөлшерлемесін бекітеді. Бұл бағаның негізсіз өсуіне жол бермей, кәсіпкерлер үшін тұрақты жағдай қалыптастыруға бағытталған.

Алаң тауар өндірушілердің нақты қажеттіліктері ескеріліп, икемді түрде бейімделген. Қажет болған жағдайда ғимаратты кеңейту, қайта жоспарлау мүмкіндігі де қарастырылған.

Жаңа аймақтағы маңызды жобалардың бірі – Қарағанды облысындағы алғашқы кабель зауыты. Кәсіпорын директоры Қайыржан Бижігіттің айтуынша, зауытта құаттық және бақылау кабельдері өндіріледі.

– Біз 16 қимаға дейінгі кабель өнімдерін шығарамыз. Алдағы уақытта өндіріс көлемін арттырып, ассортиментті кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Ғимараттың қала аумағында орналасуы логистика тұрғысынан өте ыңғайлы. Біз үшін арнайы ғимарат жаңғыртылып, ұзартылды. Жалпы алаңда, жасалған жағдайларға өте ризамыз, – дейді ол.

Қарағандыда мұнымен шектеліп қалмайды. Қазіргі таңда осындай тағы бір шағын индустриялық аймақты құру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Саран қаласында да осындай алаң ашу жоспарланған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Ұлттық тағам, озық технология

Ежелден халқымыздың тұрмыс-салты төрт түлікпен тығыз байланысты. Ишсең – сусын, мінсең – көлік бола білген жылқы мен түйе ғасырлар бойы қасиетті саналып келеді. Жаһандану дәуіріне сай технология түлеп, ежелгі құрып та жаңаша жаңғыра түсуде. Оның жарқын көрінісі – Бұқар жырау ауданындағы Үштөбе ауылында ұлттық тағамды заманауи биотехнологиямен ұштастырған тың жоба. Бие мен түйе сүтін ұнтақ түрінде өндіретін SaumalBioTech кәсіпорны іске қосылды.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпорында ұнтақ және сублимацияланған бие мен түйе сүті өндіріледі. Алдағы кезеңде балалар тағамын шығару да көзделіп отыр. Өнімдер бастапқы кезеңнен-ақ халықаралық нарыққа бағытталып, алғашқы партиясы АҚШ пен Біріккен Араб Әмірліктеріне жөнелтілді. Ал, жеткізу керуені алдағы уақытта Ұлыбритания, Сауд Арабиясы, Еуропалық Одақ елдері, Қытай мен Ресей нарықтарына да қамтымақ.

– Біз облыста жаңа жоғары технологиялық кәсіпорын ашып отырмыз. Оның өнімдері экспортқа бағытталған. Бұл – биотехникалық өндіріс саласына шетелдік серіктестердің сенімі жоғары екенін білдіреді. Осындай зауытты дәл біздің өңірде салу туралы шешім қабылдаған инвесторларға алғыс айтамын. Ұжымға табыс пен зор болашақ тілеймін, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Зауыт құрылысы өткен жылы басталып, жобаға 2,5 млрд теңге көлемінде инвестиция салынды. Кәсіпорын мемлекеттік қолдау тетіктері арқылы іске асырылған. Өндіріс толықтай заманауи, негізінен еуропалық жабдықтармен қамтылған. Барлық технологиялық үдерістер стерильді жағдайда жүргізіледі, бұл

өнім сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын халықаралық талаптарға толық сай.

Жоба өңірдегі мал шаруашылығымен айналысатын шаруалар үшін де тың серпін береді. Кәсіпорын жергілікті фермерлермен тікелей ынтымақтастық орнатып, тұрақты өткізу нарығын қалыптастыруға мүмкіндік жасады.

– Күн сайын қайта өңдеуге 5 тоннаға дейін бие сүті жеткізіледі. Бізде кептірудің екі технологиясы бар: сублимация – төмен температурада кептіру және сүтті 100 градустан жоғары температурада бұрқу әдісімен кептіру. Тұтынушы бұрын болмаған екі түрлі өнімді таңдай алады. Қазір балаларға арналған ұнтақ қоспалар шығаратын кешен жобалануда. Бұл – бірегей өнім. Ақуыз құрамы жағынан бие сүті ананың сүтіне шамамен 90 пайызға жуық. Сондықтан, барлық пайдалы қасиеттерді сақтау үшін арнайы рецептура әзірленіп жатыр, – деді кәсіпорын директоры Ғалымжан Мейрамбеков.

Жоталы жоба ата-бабадан қалған асыл мұраны заманауи ғылыммен ұштастырып, ұлттық тағам өндірісін жаңа деңгейге көтерді. Алдағы уақытта да жұмыс жүйелі түрде жалғасын тауып, өңір экономикасына елеулі серпін берері хақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭНЕРГЕТИКА

Тұрмысқа тірек болған инфрақұрылым

Биыл Қарағанды облысы үшін энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ауқымды өзгерістермен есте қалды. Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, жылу мен электр желілерін қайта жаңарту, газдандыру мен сумен жабдықтау бағытындағы жүйелі жұмыстар өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға нақты серпін берді. Жыл қорытындысы – осының айқын дәлелі.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл қорытындысы бойынша облыста 15,9 шақырым магистральдық жылу желісі жаңғыртылып, жылу жүйелерінің тозу деңгейі 64,3 пайыздан 60,3 пайызға дейін төмендеді. Бұл – жылу беру маусымындағы тәуекелдерді азайтып, апаттық жағдайлардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам.

Қарағанды қаласында ұзындығы 22 шақырым болатын үшінші жылу магистралі пайдалануға берілді. Нәтижесінде 21 мыңнан астам пәтер тұрақты жылумен қамтылды. Бұл жоба қала тұрғындары үшін ғана емес, тұтас өңірдің инженерлік инфрақұрылымын жаңарту жолындағы стратегиялық маңызы бар бастамалардың бірі болды.

Энергетика нысандарында да ауқымды жұмыстар атқарылды. «Топар» ГРЭС-інде №3 турбина толықтай ауыстырылып, станцияның сенімділігі артты. Теміртаудағы «Qatmet» АҚ-ның ЖЭО-2 нысанында жана №7 қазандық агрегаты орнатылды. Ал, Қарағанды ЖЭО-3-



те қуаттылықты арттыруға бағытталған жаңғырту жұмыстары басталды.

Электр энергетикасы саласында 171 шақырым электр желісі қайта жаңғыртылып, жөндеуден өтті. Соның нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейі 68,6 пайыздан 68,3 пайызға дейін төмендеді. Бұл көрсеткіштер әлі де жоғары болғанымен, жүйелі жұмыстардың басталғанын көрсетеді.

Қайта жаңғырылатын энергия көздері де өңір энергетикасында өз үлесін қосты. Бір жыл ішінде 514,5 млн кВт-сағ электр энергиясы өндіріліп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 пайызға артық көрсеткішке жетті. «Жасыл» энергия үлесінің артуы – өңірдің тұрақты даму бағытын айқындайтын маңызды үрдіс.

Газдандыру бағытында да нақты нәти-

желер бар. Жыл ішінде 6902 тұрғын үй көгілдір отынға қосылды. Оның ішінде Қарағанды қаласында – 4723 үй, Теміртауда – 2179 үй газ желісіне қосылған.

Облыстық бюджет есебінен газдандыруға арналған пайызсыз несиелер беріліп, 513 отбасы қаржылай қолдауға ие болды. Бұл шара газға қосылу шығындарын азайтып, әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталған.

Су инфрақұрылымын дамыту жұмыстары да жүйелі түрде жалғасты. Қалаларда 104 шақырым, 12 ауылда 45 шақырым су құбыры желілері салынды. Бұдан бөлек, 91 шақырым су желісі қайта жаңғыртылды.

Ауыз судың сапасын арттыру мақсатында 45 ауылда кешенді блок-модульді тазарту қондырғылары орнатылды. Бұл

ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам болды.

Экологиялық мәселелер де назардан тыс қалған жоқ. Жыл ішінде 120 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылып, 500-ден астам рұқсатсыз коқыс орны жойылды. Бұл жұмыстар елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартып, қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтуға бағытталды.

Тұрғын үй қоры мен қоғамдық кеңістіктерді жаңғырту аясында 215 көпқабат-

Бұл бастамалар қалалар мен ауылдардың келбетін жаңартып қана қоймай, тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға ықпал етті.

Атқарылған жұмыстар Қарағанды облысында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту, экологиялық ахуалды жақсарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру – өңір дамуының басты бағыттары болып қала береді. Жыл қорытынды-



ты тұрғын үйдің қасбеті мен шатыры жөнделді, 45 субұрқақ қалпына келтірілді, 441 тарихи-мәдени ескерткіште жөндеу жұмыстары жүргізілді.

сы осы мақсаттарға жету жолында нақты істер атқарылғанын айғақтайды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Үшінші қазандықтың» жаңа дәуірі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай жойқын жоба республиканың стратегиялық маңызы бар жаһандық тізбегіндегі орнын нығайта түсуде. Кремний кластерінің көкжиегі кең. Яғни, шикізатты өндіруден бастап, экспортқа дейінгі толық өндірістік желі ұлттық әртарапандыру стратегиясының бір бөлігі ретінде іске асуда.

Биылғы жыл сенсациясы орталық Қазақстанда сирек жер металдарының алып кен орнының ашылуы болды. Қор көлемі 20 миллион тонна деп бағаланып отыр. Дәйекті дерек Қазақстандық Қытай мен Бразилиядан кейін әлемде үшінші орынға шығарады. Неодим, церий, лантан сынды маңызды металдар – электромо- билдерге, жел генераторларына және болашақ гаджеттерге аса бір қажет элементтер. Әлемдік БАҚ осы тәрізді аумақты инвестициялық ағындар тоғысатын «жаңа геосаяси эпицентр» деп атап үлгерді. Жаңа жобалардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық даму банкі Қарағандыдағы тазарту құрылыстарын жаңғыртуға қомақты қаржы бөлуде.

– Жобаның жүзеге асуына Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған экономикалық

саясаттың тікелей ықпалы бар екенін ерекше атап өткен жөн. Сындарлы саясат инвесторларды қолдауға, олардың құқықтарын қорғауға, әрмен қарай, ұзақ мерзімді инвестициялар үшін ашық әрі болжамды жағдайлар жасауға бағытталған. Дәл осы тұрақтылық пен жүйелілік инвесторларға да, бізге де болашаққа сенім береді. Ірі, жоғары технологиялы бастамаларды іске асыру жөнінде батыл шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызады, – деп пікір қосты «Qaragandy Power Silicon» ЖШС-нің бас директоры Талғат Мақаев.

Тенгерім

Өркениет мүлгімейді. Өлке өрісінің алғы белесін дәлірек бағамдау үдесінде қоңсылас Елордамен саластыра екшей кеткенді құп көрдік. Қарағанды өндірістік орталық ретінде, ал, Астана саяси әрі инновациялық ел ордасы ретінде дамудың екі полюсін бейнелейді. Қарағанды көмірге, металлургияға және жаңа технологияларға сүйенсе, Астана қызмет көрсету саласына, IT-ға және урбанистикаға басымдық береді. Биылдың бірінші тоқсанында Астанадағы жалпы өңірлік өнім өсімі 11,9% болып, 7,8% көрсеткішпен шектелген Қарағандыны басып озды. Кеншілер астанасы хром мен сирек металдарды қоса



алғанда, пайдалы қазбаларды өндіруге бағытталған өнеркәсіптік хаб мәртебесін сақтап отыр. Ал, Елорда қызмет көрсету мен сауда салаларын дамыту арқылы экономиканы әртарапандыруға ден қойған. Жыл басында Қазақстанның жалпы сауда айналымы 7,8% өсіп, көшелі көрсеткішке қос тараптың да сүбелі үлесі аталған.

Қарағанды өнеркәсіптік мандану бойынша көш бастап тұрғанымен, Астана шетелдік инвестицияларды, соның ішінде, жаһандық хабтарды көбірек тартуда. Әзірше Қазақстан Республикасы аумағындағы геологиялық барлау жұмыстарына салынған инвестиция көлемі 150 миллион АҚШ долларынан асқан. Осы ретте негізгі екпін Қарағанды өңіріне тиесілі. Екі қала да жаңғыртуды қаржыландырып отыр. Бірақ, Астана «ақылды қала» ретінде 2024-2025 жылдар рейтингінде көшбасшы болып тұр. Қарағанды экология мен энергетикаға басымдық береді. Тазарту құрылыстарын жаңғырту және үшінші жылу электр орталығындағы жаңа энергоблок салу сияқты бастамалар оңтайлы іске асырылуда. Астана гидроэнергетика мен білім салаларын дамытуға ден қойды.

2029 жылға қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық даму жоспарын жүзеге асыруды көздейді. Оның аясында 1,5 трлн теңге көлемінде 190 өндірістік жоба іске асырылмақ. Қарағанды 120 жобаға (1,6 трлн теңге) басымдық береді. Елорда импорт алмастыруға (67 жоба, 600 млрд теңге) және жаһандық инвестицияларға бағыт ұстап келеді. Ақпир соңында, Астана өсу қарқыны мен инновацияда алда болса, Қарағанды елдің өнеркәсіптік базасын қамтамасыз

етіп, аймақтық диспропорцияны азайтады. Осындай синергия Қазақстанды бәсекеге қабілетті мемлекетке айналдырады.

Андау

Сонымен, Қарағанды облысының 2026-2030 жылдарға арналған Даму жоспарына, ұлттық стратегиялар мен Дүниежүзілік банк және ACRA сияқты халықаралық ұйымдардың болжамдарына сүйеніп отырып, өңірде тұрақты экономикалық өсім күтіледі. Қазақстан экономикасының орташа жылдық өсім қарқыны 2026-2028 жылдары 5,3% деңгейінде болжанып отыр. Облыс 2031 жылға дейін 108-120 инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Жалпы инвестиция көлемі сандаған миллиард АҚШ долларын құрайды. Нәтижесінде шамамен 11 мың жаңа жұмыс орны ашылады. 2026 жылға қарай қосымша 29 жобаны іске қосу күтілуде. Бұл тағы 2 500 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Әлеуетті жобалар пулы 55 млрд АҚШ долларына бағаланып отыр. Негізгі басымдық өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталды.

2026-2028 жылдарға арналған үш жылдық бюджет әлеуметтік бағытта қалыптасып, экономиканың өсуі мен халықтың өмір сүру сапасын арттыруды негізгі ұстын ретінде айқындайды. Қазақстанның номиналды ЖІӨ-і 2026

жылғы 183,8 трлн теңгеден 2028 жылы 229,8 трлн теңгеге дейін өседі. Мұншалық өсімге орталық өңір өнеркәсіп секторы арқылы өз салымын қосады. 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары аясындағы 190 жобаның 120-сын Қарағанды енішелейді. Еуразиялық даму банкі Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері саласына 450 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйып үлгерді. Негізгі назар орталық облысқа аударылған. БҰҰ Даму бағдарламасының (UNDP) баламалы сценарийлері өсімді адам капиталы, экология және цифрландыруды дамыту арқылы қамтамасыз етуді көздейді.

«Жасыл» технологияларға көшу – басым бағыт. 2030 жылға қарай көмірге тәуелділікті азайту, тазарту құрылыстарын жаңғырту және жаңа энергия блоктарын салу күтіледі. БҰҰ-мен 2026-2030 жылдарға арналған Sustainable Development Framework аясындағы әріптестік экологиялық қауіпсіздікті және ресурстарға тең қолжетімділікті баса белгілейді. Өңір экологияны бақылауға арналған «ақылды» технологияларды енгізеді. Қарағанды облысындағы табыс деңгейі Қазақстандағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып саналады. Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы (2020-2025 ж.ж.) өз жалғасын тауып, негізгі назар осал топтарды қолдауға аударылады.

Толас

Өңір – өмір. Ғұмыр бар жерде тұғыр да бар. Келер күнін бүгінгі әрекетімен бекемдей түскен Қарағанды шынымен мүлтіксіз мүмкіндік мекені. Көз қарықтырар көрікті мекен жаңа дәуірдің табалдырығында тұр. «Табалдырықтан биік тау жоғы» тағы аян. Өркениет өрінде өндіріс пен инновация, дәстүр мен технология, еңбек пен білім тоғысқан тұста кеншілер өлкесінің бірегей болмысы қалыптасты. Бұл – саналы таңдау. Заман бедері өзгеруде. Бірақ, басты құндақтаулы құндылық өзгермейді. Ерен-ғайып еңбекке деген құрмет, ертегідей ертенге деген кәміл сенім. Сол шафқатты да аяулы сеніммен өңір соны сораптарға қадам басып келеді. Кешегіміз – тарих, бүгінгіміз – жауапкершілік, ал, ертеңіміз – баянды болашақ!

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қараусыз мал қарусыз күзет секілді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салғырттық сан соқтырады

Мал ұрлығының тағы бір түпкі себебі – мал иелерінің салғырттығы. Жайылымдағы мал апталап, айлап түгенделмейді. Бір тұрғын екі айдан кейін ғана 29 бас малының жоғалғанын байқап, 20 миллион теңгеден астам шығынға ұшыраған. Бұл – бір адамның ғана емес, тұтас ауылдағы ағайынның трагедиясы.

Ұры үшін бұдан қолайлы жағдай бар ма? Ұрланған мал етке өткізілсе, ізі суыйды. Ал, мал жоғалғанын дер кезінде хабарламау – қылмыскерге уақыт сыйлау деген сөз.


Ақтоғай ауданының тұрғыны Мәкен Серғазыұлы бұл туралы өз ойын ашып айтып, алаң көңілін жайып салды.

– Мал қараусыз қалғанда ұрылардың көзі түседі. Негізінен малды көріп-біліп жүрген адам ұрлайды. Бір-екі қой жоғалса, көңілі кең жайлау қазақтың көбі амалсыздықтан «садақа» деп қоя салады. Ұрылар елдің психологиясын әбден меңгеріп алған. Бұған бейжай қарауға болмайды. Сондықтан, ең алдымен малға қарау керек. Екіншіден, сойылған малға берілетін анықтама қатаң тексерілуі тиіс, – деп атап өтті ол.

Заманауи технология тиімді ме?

Қазір мал ұрлығына қарсы күресте заманауи технология да іске қосылды. 15 қыркүйектен бастап, республикалық және облыстық маңызы бар жолдарда 20 мобилді блок-бекет жұмыс істей бастады. Дрондар арқылы жайылымдар бақылауға алынған.

– Мал ұрлығына қарсы күрес



күшейтілді. Блок-бекеттер мен дрондар тиімді нәтиже көрсетуде. Алдын алу шаралары кешенді түрде жүргізіліп жатыр, – дейді полиция департаменті баспасөз қызметінің басшысы Бақытжан Құдияров.

Алайда, халық арасында бұл шараларға да көңіл толмаушылық байқалады. Кейде адал еңбегімен баққан малын соғымға сойып, әкеле жатқан қарапайым тұрғын сағаттап тексеруде тұрғып қалады. Ал, ұрланған малдың еті дер кезінде өтіп кететіндей әсер қалдыратын жағдайлар да айтылады. Демек, мал ұрылары бекет қойылатын нүктелерді және кезекшілік уақытын да бес саусақтай біліп

алды деген сөз. Яғни, бұл бағытта әлі атқарылатын біршама жұмыс бар екенін аңғартады...

Шетел тәжірибесіне үнілсек...

Шыңдап келгенде мал ұрлығы – полицияның проблемасы ғана емес, ортақ жауапкершілік. Мамандар мал иелеріне малды таңбалау, GPS-чип орнату, сенімді бақташы жалдау, құжаттарды толық жүргізу қажеттігін айтады. Шаруашылық иелері де бұған келісіп, жұмыстарды біріге атқаруда. Мал ұрлығы азайып келеді. Десе де, тыылған жоқ.

Атап айтсақ, соңғы дерек бой-

ынша, Осакаров ауданында 55 жастағы тұрғын көршісінің ауласына заңсыз кіріп, екі қойын ұрлаған. Залал 100 мың теңгені құрап отыр. Қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүргізілуде. Бұл ұрлық ұсақ қылмыс болып көрінгенімен, үлкен мәселеге апаратын нақты мысал екенін атап айту керек.

Әлемдегі мал шаруашылығымен айналысатын ең ірі елдің бірі Австралияда мал ұрлығы (stock theft) ауыр қылмыс саналады. Басты құрал – жаппай цифрландыру.

Әрбір ірі қара, қой электронды RFID-чиппен белгіленеді. Ұлттық дерексөз бар. Малдың туған сәтінен бастап, сатылуы

мен сойылуына дейінгі қозғалысы тіркеледі. Мал базарлары мен ет комбинаттары чипсіз малды қабылдай алмайды. Мал тасымалдау кезінде полиция автоматты сканер арқылы тексереді. Нәтижесінде, ұрланған малды сату іс жүзінде мүмкін емес.

Қазір ұрлық деректері 2000 жылдармен салыстырғанда бірнеше есе қысқарған. Сала мамандары мал қозғалысын толық цифрландырмай, ұрлықты түбегейлі тоқтату мүмкін еместігін де жоққа шығармайды.

Ал, мал шаруашылығы жоғары деңгейде дамыған Жаңа Зеландияда басты қағида – ұрлықты жасаппау.

Таңба һәм чиппен қатар, фер-

мерлерге мемлекет тарапынан қауіпсіздік стандарттары бекітілген. Қараусыз мал үшін несие де әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Мал жоғалса, 24 сағат ішінде хабарламау – құқықбұзушылық болып саналады.

Есесіне, мал ұрлығы сирек кездесетін қылмысқа айналған. Өйткені, мұнда ұрлықтан гөрі немқұрайлылық үшін жауапкершілік жоғары. Демек, жауапкершілік ұрыға ғана емес, мал иесіне де тең жүктелуі керек деген ұйғарым айқұлақтанады.

Дамыған елдер тәжірибесі мал ұрлығымен күресте түрме мерзімін ұзарту шешуші фактор еместігін аңғартатындай. Негізгі құралдар – толық цифрлық есеп, қоғамның бейжай қалмауы және мал иесінің жауапкершілігін заңмен бекіту. Еліміз үшін де бұл тәжірибелердің басты сабағы – «қараусыз мал» деген ұғымды құқықтық тұрғыда жою.

Түйін

Заң қатайды. Техника енгізілді. Бірақ, мал ұрлығы түбегейлі тыйылуы үшін бұл жеткіліксіз. Қоғамдық үнсіздік, мал иелерінің салғырттығы және бақылаудағы көзге көрінбейтін олқылықтар қылмысқа жол ашып отыр.

Атамыз қазақ «Өз-өзіңе берік бол, көршіңді ұры тұтпа» деген. Бүгінгі жағдайда бұл сөз бұрынғыдан да өзекті. Қараусыз мал – ұрыға ашық қалдырылған есік. Ал, сол есікті жауып жүру – әр мал иесінің, әр ауыл тұрғынының азаматтық парызы. Күз бен қыста мал ұрлығы жиілейді. Себебі де түсінікті. Ендеше, сақтықтан танбайық!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

МӘМС жүйесіне өзгеріс енеді

2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізіледі. Айталық, ұзақ уақыт жарна төлеген азаматтар төлемді уақытша тоқтатса да, қосымша алты ай медициналық көмек ала алады. Ал, әлеуметтік осал топтар мен жұмыссыздардың жарналарын мемлекет өтейді. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облысы бойынша филиал директоры Фазыл Копобаев сұхбат барысында егжей-тегжейлі айтып берді.

— Алдағы жылы медициналық сақтандыру жүйесіне енетін жаңа заңнаманың азаматтарға тиімділігі бар ма?

— 2026 жылдан бастап күшіне енетін маңызды заңнамалық өзгерістер бар. Біріншіден, азамат міндетті медициналық сақтандыру жарналарын 5 жыл бойы үзбей төлеп, белгілі бір себептермен жарна төлеуді тоқтатып қойса, қосымша алты ай бойы тегін медициналық көмек ала алады. Екіншіден, халықтың әлеуметтік осал топтарына (дағдарыстық және шұғыл D және E санаттары) және тіркелген жұмыссыз азаматтарға жергілікті бюджеттен жарна төленетін болады. Сонымен қатар, жарналарды есептеу үшін табыстың жоғарғы шегі ұлғайтылды. Атап айтқанда, жұмыскерлер үшін — 10-нан 20-ға дейінгі ең төменгі жалақы, жұмыс берушілер үшін — 40 ең төменгі жалақыға дейін, ал мөлшерлемелер 2% және 3% деңгейінде сақталды. Бұл шаралар денсаулық сақтау жүйесін тұрақты қаржыландырып, халықтың көп бөлігін медициналық көмекпен қамтуға мүмкіндік береді.

— Облыстың медициналық ұйымдарына бөлінетін қаржы жеткілікті дәрежеде ме?

— Әрине, денсаулық сақтау жүйесіне бөлінген қаржы әрдайым жеткілікті бола бермейді. Алайда, медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуімен саланы қаржыландыру айтарлықтай өсті. Бүгінгі таңда облыстың денсаулық сақтау бюджеті 163,5 млрд теңгені құрайды. Жедел медициналық көмек пен санитариялық авиация, алғашқы медициналық-санитариялық көмек, гемодиализ, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар аурулар (туберкулез, ВИЧ-инфекция және т.б.) сияқты маңызды бағыттарға барынша қаржы бөлінген. Бұл онкологиялық және онкогема-



тологиялық ауруларды заманауи технологиялармен емдеуге, нейрохирургия, травматология және ортопедия, кардиохирургия және басқа да бағыттарда жоғары технологиялық ота жасауға жұмсалады. Дегенмен, жоғары деңгейдегі медициналық көмек сапалы болу үшін де шығындар керек. Әсіресе, қымбат медициналық жабдықтар алуға, сондай-ақ дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде арттыруға қаражат әрдайым жеткілікті дәрежеде емес. Сондықтан, диагностикалық бағыттағы кейбір жаңа технологиялар кешеуілдеп енгізіледі.

Ауруларды ерте кезеңде анықтау және асқынулардың алдын алу ресурстарды тиімді бөлуге және емдеу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

— Бөлінген қаражат медициналық ұйымдар тарапынан қаншалықты тиімді жұмсалуда?

— Қор медициналық ұйымдардың жалақы, салық, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды сатып алу, коммуналдық және басқа да шығындарын қаржыландырмайды. Біз ауруханалар мен емханаларға көрсетілген қызмет үшін ақы төлейміз. Яғни, науқастарды тексеру, тәулік бойы және күндізгі стационарда емдеу, шұғыл және жедел медициналық көмек көрсеткені үшін төлем денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тарифтерге сәйкес жүзеге асады. Диагностикалық және емдік іс-шараларды орындау кезінде медициналық ұй-

ымдар тарапынан тексеруден өтеді. Осының бәрі қаражатты тиімді қолдануға және ашықтыққа негізделеді.

— Азаматтар медициналық қызметтерді өздігінен бақылай ала ма?

— Тұтынушыларға медициналық қызмет көрсетуді бақылау мүмкіндігі бар. Цифрлық жүйелер арқылы әр отініш тексеріледі. Егер шағым расталса, медициналық ұйым үш есе айыппұл төлейді. Олар 1414 нөмірі, Qoldau 24/7 қосымшасы, msqorg.kz сайты және Telegram-дағы Saqtandyrybot арқылы шағым немесе сұрақ қалдыра алады. Соңғы 9 айда 680 шағым түсіп, соның 268-і негізді деп танылды. Көбінесе, медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе қызмет сапасына қатысты шағымдар жиі. Ал, шындығында көп мәселе клиниканың ішкі ұй-

шілігін Қорға түскен жарна мен аударым көрсеткіштерінен байқай аламыз. Мәселен, жарна төлеушілерден 9 ай ішінде 48,3 млрд теңге түскен, бұл былтырмен салыстырғанда 4 млрд теңгеге көп. 2025 жылғы 30 қарашадағы жағдайға сәйкес Қарағанды облысында 1 миллионнан астам адам сақтандырылған. Ал, сақтандырылмаған азаматтар саны шамамен 178 мыңды құрайды. Сақтандырылмағандар саны тұрақты өзгеріп отырады, бұл бірнеше факторларға байланысты. Атап айтқанда, ішкі көші-кон, жұмыс орнын ауыстыру, оқудың аяқталуы, соның нәтижесінде бірнеше ай төлемсіз қалып, сақтандырылған мәртебесі жойылады. МӘМС Заңына сәйкес, соңғы 12 ай бойы төлем үздіксіз жүргізілуі керек. Мұндай жағдай кейде ұзақ еңбек демалысына шыққан

Бұл — ортақ жауапкершілік жүйесі. Барлық азамат МӘМС-ке төлеген жарнасы арқылы медициналық көмектің тұрақты жұмыс істеуіне әсер етеді.

— Жаңа заң бойынша D және E дағдарыстық және шұғыл санаттарға жататын сақтандырылмаған азаматтар үшін жарналарды төлеу механизмі қалай жұмыс істейді?

— 2026 жылғы қаңтардан бастап, бүкіл ел бойынша осы санаттағы шамамен 1 миллион азамат жергілікті бюджет есебінен сақтандырылатын болады, біздің өңірде мұндай азаматтар саны 60 мыңнан асады. Ал, қаржыландыру механизмі толық автоматтандырылған және бірнеше кезеңнен тұрады. Ай сайын «Сақтандыру» ақпараттық жүйесі мұндай азаматтардың дербес деректері бар тізімін құрастырады және оны Еңбек ресурстарын дамыту орталығына жібереді. Орталық соңғы 3 ай ішінде зейнетақы жарнасын аудармаған, дағдарыстық немесе шұғыл әлеуметтік деңгейге жататын жұмыссыз азаматтар туралы мәліметтерді анықтайды. Осы мәліметтер негізінде Қор ақпараттық жүйеде мұндай азаматтарға «сақтандырылған» мәртебесін беріп, автоматты түрде D немесе E санатын белгілейді. Кейін Қордың ақпараттық жүйесінде тізілім қалыптасып, осы деректер жергілікті атқарушы органдарға МӘМС жарналарын төлеу үшін жіберіледі.

— Келесі жылға МӘМС қандай міндеттер қойды?

— Алдағы жылға біз емдеу-диагностикалық процесті, қаржылық ағым, шығындардың ашықтығын бақылауды күшейту, ауру болжамына сәйкес қаржы бөлу, басым бағыт — алдын алу шаралары секілді міндеттерді жоспарлап отырмыз. Мұны орындауға цифрландыру мен жасанды интеллект енгізу көмектеседі. Қазір Қорда емделген жағдайлар мен консультативті-диагностикалық қызметтерді бақылауға екстерриториалды мониторинг принципі енгізілген, яғни, сараптама басқа өңірлердің сарапшылары арқылы кездейсоқ таңдау әдісімен жүргізіледі.

— МӘМС жүйесі жайлы тұшымды сұхбат бергеніңізге алғыс білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ.

Суреттер «Ortalyq Qazaqstan» газетінің мұрағатынан



ымдар көмек ұйымдастыру стандарттарын басшылыққа алуы тиіс. Ал, осы стандарттардың бұзылуы анықталса, Қор министрлік бекіткен бұйрыққа сәйкес шара қолданады. Медициналық ұйымдардың қызметін медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті, сондай-ақ қадағалау органдары бақылайды. Мемлекеттік мекемелерде түскен қаражаттың тиімді және заңды жұмсалудың жергілікті денсаулық сақтау басқармасы қадағалайды, сонымен қатар, қаржы

ымдастыруына байланысты. Яғни, науқастарды қабылдаудан бастап, процестің жүйелі ұйымдастырылуы, ем жүргізудің науқасқа қолайлы болуы және қолжетімділігі, қажетті ақпараттың берілуі маңызды. Жалпы, халық түсіністік тағытады, ал, дәрігер мен науқас арасындағы дұрыс қарым-қатынас қашан да маңызға ие.

— Өңір тұрғындары жарналарды төлеуге жауапкершілікпен қарай ма?

— Азаматтардың жауапкер-

білім беру, денсаулық сақтау саласының немесе ірі кәсіпорын қызметкерлерінің төлемі дұрыс аударылмауынан да туындайды. Өкінішке қарай, МӘМС жүйесі енгізілгеннен бері өңірде 15 мыңнан аса азамат бірде-бір рет жарна төлемеген. Түсінетін бір жайт бар, МӘМС-ке төленетін жарналар жинақталмайды. Яғни, әркімнің төлеген ақшасы «шотта» жиналмайды, ол медициналық көмекке мұқтаж адамдарды емдеуге жұмсалады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Құлаққа имплантация жасалды

Қарағанды облысының медицина саласы үшін тарихи маңызы бар ота өтті. Өңірде алғаш рет ауыр дәрежедегі сансыраулық диагнозы қойылған балаға кохлеарлық имплантация отасы сәтті түрде жасалды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоғары технологиялы хирургиялық ота Қарағанды қаласындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК базасында өтті. Операция балаларға арналған күрделі оталардың бірі саналады және есту аппараты көмектеспейтін балаларға дыбысты, сөйлеуді, қоршаған ортаны естуге мүмкіндік береді.

Кохлеарлық имплантация — балалар оториноларингологиясындағы ең күрделі әрі жоғары дәлдікті талап ететін оталардың бірі. Ота барысында хирургтердің жоғары кәсібилігі, заманауи медициналық жабдықтар және мамандардың үйлесімді командалық жұмысы шешуші рөл атқарады. Бұған дейін мұндай операциялар Астана мен Алматы қалаларында ғана жүргізіліп келген. Ал, Қарағанды облысында алғаш рет аталған отаның жасалуы өңірдегі жоғары технологиялы медициналық көмектің дамығанын және салалық мамандардың кәсіби дең-

гейінің артқанын көрсетеді.

Қарағандыда облыс әкімдігінің қолдауымен заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған ірі балалар ауруханасы бой көтерді. Сонымен қатар, ЛОР-бөлімшесінің меңгерушісі, емдеуші дәрігер және сурдопедагог Санкт-Петербург пен Мәскеуде арнайы оқула өтіп, Израильдің Хайфа қаласында кохлеарлық имплантация жүргізу бойынша кәсіби дайындықтан өтті. Бұл шаралар өңірдегі балаларға жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетуге толық дайындықты қамтамасыз етті.

— 2024 жылы имплант орнатуға арналған арнайы аппараттар сатып алынса, жыл соңына қарай операциялық микроскоп жеткізіліп, толыққанды техникалық база жасакталды. Ота жасалған баланы ұзақ мерзімді оңалту кезеңі күтіп тұр. Операциядан кейін сурдолог пен логопедтің қатысуымен тұрақты оңалту жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ, кохлеарлық имплант кезең-кезеңімен бақыланып отырады. Бұл операция баланың алдағы уақытта



қоршаған орта дыбыстарын естіп, қатарластарымен еркін қарым-қатынас жасап, жалпы білім беретін мектепте оқуына және толыққанды дамуына мүмкіндік береді,

— деді «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК директоры Аргын Бидайбаев.

Айта кетейік, 2026 жылға дейін өңірде тағы 10 балаға кохлеар-

лық имплантация отасын жасау жоспарланып отыр.

Астана қаласының бас штаттан тыс балалар оториноларингологы, операциялық бөлімшенің меңге-

рушісі Арман Амангелдіұлының айтуынша, клиникада алғаш рет постлингвальды сансыраулық диагнозы қойылған 13 жастағы балаға кохлеарлық имплантация жасалған. Ота сәтті өткен және бұл жоғары технологиялық медициналық қызметтер қатарына жатады.

— Клиникада мұндай ота алғаш рет жасалды, бұл Қарағанды облысының балалары үшін медициналық қызметтің қолжетімділігін арттырады. Республика көлеміндегі қажеттілік мемлекеттік қаржыландыру есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Егер Қарағанды қаласы да осы бағыттағы жұмыстарға белсенді түрде қосылса, жасалатын операциялар саны артып, бұл қызмет өңірдегі балаларға да қолжетімді болады, — деді Арман Амангелдіұлы.

Кохлеарлық имплантация күрделі ота санатына жатады. Әдістеме стандартталғанымен, оны орындау үшін хирургтің отоларингология саласында тәжірибесі мен кәсіби дағдылары болуы қажет. Бөлімшенің меңгерушісі мен дәрігерлері осы бағыттағы операцияларды тұрақты жасайды.

Сурет автордан

• ТҮЙТКІЛ

Телефонға телмірген тірлік

Бүгінгі бүлдіршін – бұрынғы балдырғаннан бөлек кейіп-те. Кеше ғана асық атып, арқан тартып, аулада асыр-салып ойнаған буынның бүгінгі ермегі – ұялы телефон. Неге бала да-лаға шығып, ойнамайды? Саусағына смартфон іліксе болды, маңайындағы тіршілік өшкендей, меніреу күйге түседі. Құрда-сы – YouTube, құрбысы – TikTok. Осы көрініс қазір көпшілікті алаңдатып отыр. «Жілік майы толмай жатып жүйкесі жұқарған, кәмелетке жетпей жанары суалған, тілі кеш шығып, тұрқы еңкіш тартқан ұрпақ қалыптасып жатыр» деп дабыл қағатын-дар аз емес...

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Цифрлық тәуелділік

Осы алаң көңілдің бекер еместігін деректер де куаттай-ды. Таяу жылдары жүргізіл-ген сауалнамалар балалар мен жасөспірімдердің ғаламтордағы белсенділігі тым ерте басталып, тым кеш аяқталатынын көрсетіп отыр. Мәселен, зерттеулерге сү-йенсек, балалардың жартысына жуығы түнгі 22:00-ден кейін де интернеттен қол үзбейді. Тағы бір алаңдатарлық жайт, балалардың шамамен үштен бірі интернет пен әлеуметтік желілерге психо-логиялық тұрғыда тәуелді болып үлгерген. Мұндай жағдайда ба-ланың сыртқы ортаға, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа қы-зығушылығы бәсеңдей бастайды.

Ал, ең алаңдатарлығы да сол, ата-аналардың едәуір бөлігі, нақтырақ айтқанда, шамамен 40 пайызы баласының интернетте немен айналысып жүргенін то-лық бақыламайтынын мойын-дайды. Яғни, бала виртуалды әлемде көбіне жалғыз қалады.

Уақытша тыныштық ұшпаққа шығармайды

Осы тұста психолог-маман Думан Нұрланұлының пікірі көңілге қонымды. Оның айтуын-ша, мәселенің түп-төркіні теле-фонның өзінде емес, отбасында

жетіспей тұрған қарым-қатына-ста жатыр. Психолог баланың те-лефонға тәуелділігі бір күнде пайда болмайтынын айтады.

– Бала жылулыққа зәру. Ата-анамен сөйлесудің, бірге уақыт өткізудің орнына телефонға үңіл-генде, бала сол бос кеңістікті экрандағы қызылды-жасылды дүние арқылы толтырады. Ал, уақыт өте келе бұл әдет дағдыға айналып, психологиялық тәуел-ділікке ұласуы да мүмкін. Теле-фонды тартып алып, шектеу қою баланың жүйкесіне шаншу болып тиюі мүмкін. Ең тиімді жол – ба-ламен бірге уақыт өткізу. Бала өзін тыңдайтын, түсінетін орта ба-рын сезінгенде ғана телефон оның өмірінде екінші орынға ысырыл-мақ, – дейді Думан Нұрланұлы.

Психолог бұл мәселеде ата-ананың өзі де жігі ойлануы ке-ректігін алға тартады. «Бүгінгі ата-ананың өзі гаджеттен алыс емес. Таңертең жаңалықты те-лефоннан оқимыз, күндіз әле-уметтік желіге үңілеміз, кешке Instagram мен TikTok-та уақыт өткіземіз. Осындай жағдайда ба-ладан телефонды шетке қоюды талап ету екідұшты пікір ретінде көрінеді. Өйткені бала айтқанды емес, көргенін қайталайды», – дейді маман.

Тіршіліктің қамын күйттеп, үйіне шаршаңқы оралған ата-аналар уақытша тыныштық үшін баласының қолына телефон ұста-тып қоятыны жасырын емес. Көбісі бала тыныш отырса болды



Компьютер және интернет

деп ойлайды. Ас әзірлеп, үй ша-руасын бітіру кезінде бұл бір қа-рағанда ынғайлы көрінері анық. Әйтсе де, осы уақытша амалдың түптің-түбінде үлкен кеселге ай-налатынын көбісі біле бермейді. Тіл мәселесі де қашан да өткір-лігін жоймай келеді. Қарапайым мысал ретінде, бүгінде бір шаңы-рақта бәрі қазақша сөйлеп отырса да, баланың орысша немесе өзге тілде шүлдірлеп кетуін әредік-те кездестіреміз. Баланың тілдік қоры ең алдымен тыңдаған сөзі-не байланысты қалыптасады. Ал, смартфондағы контенттің басым бөлігі өзге тілде.

Сондықтан, мамандардың пікірінше баланы бірден теле-фоннан ажыратып тастау мүмкін емес. Десе де, оның орнын толты-ратын балама құрал қажет. «Ба-ланың өмірінде телефоннан өзге де қызық болуы керек. Спорт,

шығармашылық үйірмелер, кітап, ең бастысы – қарым-қатынас. Өзін қажет сезінген бала тәуел-ділікке бой алдырмайды», – дейді Думан Нұрланұлы.

Маман пікірімен ұштастыр-сақ, ақпараттық технологияны тү-гелдей жау көру де қателік. Қазір-гі замандағы мәдениет пен тілді насихаттайтын да ұялы телефон екенін ұмытпасақ керек. Мәселе – оны қалай пайдаланып отыра-нымызда. Сапалы, ұлттық құн-дылықтарға негізделген контент көбейсе, смартфон тәрбиенің де бір тетігіне айналуы әбден мүм-кін. Ақпараттың сапасы – ұлттың сапасына тікелей әсер етеді.

Өмірлік тәжірибе

Осы тақырып төңірегінде көпбалалы әке, Төкіш Тілеубер-

генмен де пікір алмасып көрдік. Оның айтуынша, баланың те-лефонға тәуелді болып кетпеуі үшін ең тиімді жол – онымен бірге уақыт өткізу.

– Балаға «телефон ұстама» деп тыйым салғаннан гөрі, оның уақытын пайдалы іске бағыттау маңызды. Біз балаларымызбен бірге кітап оқуға дағдылан-дық. Кітап оқуды тек міндеттеп қана қоймай, оны ынталандыру арқылы жүзеге асырамыз. Ба-ланың да еңбегін бағалау керек. Кітап оқығаны үшін ақша бе-ремін. Бұл – бір жағынан еңбек-ке, бір жағынан уақытты тиімді пайдалануға үйрету. Ақша оңай келмейтінін, оны біліммен, ең-бектену арқылы табуға болаты-нын ерте түсінсін дейміз, – дейді Төкіш Қуандықұлы.

Сонымен қатар, ол бөксепен шұғылданатын ұлына спорт са-

ласына қатысты арнайы шығар-ма тандағанын айтады. Әдеби-еттің негізгі миссиясы – адамды эстетикалық таным тұрғысында тәрбиелейтінін ескерсек, Берлі-бек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» повесін оқыған бүлдіршін де өзін кейіпкердің орнына қой-ып, терең тағылым алары анық. Көпбалалы әкенің сөзінше, кітап оқыған баланың таным-көкжиегі кеңейіп, ойы ерте қалыптасады. «Кітап оқыған бала уақытын бағалауға үйренеді. Не істеп жүргенін, не үшін істеп жүргенін түсіне бастайды. Босқа телефон шұқылап отырғысы келмейді», – дейді ата-ана.

Баланы бойкүйездікке бой алдырмаудың тағы бір жолы, кешкісін ерте жатуға дағдылан-дыру. «Ұйқы – баланың денсау-лығы мен мінезіне тікелей әсер етеді. Кеш жатып, телефон қа-раған бала ертеңіне ашушан, ын-жық болып тұрады. Сондықтан, кешкі уақытты кітапқа, әңгімеге арнап, ерте ұйықтауға үйреткен абзал. Шынында, бала – ата-ананың айнасы. «Ұяда не көр-сең, ұшқанда соны ілесің» дейді ғой. Баладан бірден талап етпес бұрын, өзіміз соған үлгі болуы-мыз керек. Бала айтқанды емес, істегенді қайталайды», – деп түйіндейді Төкіш Тілеуберген өз ойын.

Түйін

Қорыта айтқанда, бүгінде заман басқа, талап та өзге. «За-маның түлкі болса, тазы болып шал» деген ұғымды ұғынуымыз керек. Телефонды тыйып емес, тәрбиелеп қолдануды үйрететін уақыт келді. Ұлағатты ұрпақтың ертеңі – біздің бүгінгі әрекетіміз-ге тікелей байланысты. Экранға телмірген баладан гөрі, ата-ана-сының жанарынан жылулық тап-қан бала ғана ертеңгі күнге нық қадам басары сөзсіз.

• ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ...

Болашақ бүгіннен басталады

«Өмір деген – Күнді айналуды» дейді ақын Серік Ақсұңқарұлы. Осы күнді айналып өтіп жатқан уақыттың қы-зықты өтуі өзімізге байланысты емес пе? Алдымен адам болып қалыптасып, ұлтқа, келешекке өз пайдасын тигі-зу – әр адамның рухани борышы. Сол борышымызды дұрыс өтемей жүргеніміз де өтірік емес. Иә, көпке топырақ шашпаймыз. Арамызда «Алашым!» деп болашаққа пайдасын тигізгісі кеп жүрген жастар көп. Санамда мына сауал қылаң береді: Біз ұлтқа қалай өз пайдамызды тигіземіз?

Біз ұлттық құндылықтарымызды сақтап, рухымызды асқақтату үшін ең алдымен тілімізді аман сақтауымыз керек. Күнделікті қолданыста жүрген өзге тілдерден енген сөздер тіліміздің деңгейін төмендетіп бара жатқандай көрінеді. Қазақ тілі – басты құндылығы-мыз. Сөздік қорымызды молайтып, саф қалпында сақтап қалуға ұмтылып, шұбарланған тілімізді варваризм сөз-дерден арашалап қалу әр қазақ баласы-ның мүддесі болуы тиіс. Әрине, сіз де тілдің шалажансар күйі кешіп жатуына өзіңізді кінәламайсыз, өзгеден көресіз. Сізге дейін де тілдің тағдыры тәлкекке түскенін алға тартасыз. Сөйтіп, өзіңізді бұл жауапкершіліктен құтқарып қалуға тырысасыз. Әлбетте, сізге ешкім кінә артпайды, алайда сол олқылықтардың орнын толтыру сіз бен біздің қоғамымызда екенін назарда неге ұстамайсыз?

Тіл – ұлттың жаны. Ана тіліміздің көсегесін көгертіп, тынысын кеңей-ту үшін кітапты көп оқу керек. Керек екенін білсек те, оқуға құлшыныс ой-дағыдай болмай тұр. «Отан отбасынан басталады», өз тілімізде таза сөйлеу от-басындағы тәрбиенен бастау алсын. Тіл бар жерде – ұлт бар. Тіл туралы ойым-

ды ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл жоғалған жұрттың өзі де жоғала-ды» деген нақыл сөзімен түйіндейін.

Кітап оқуды дағдыға айналдырғандай, үзбей жазуды да қолға алыңыз. Жазу – өлең жазу, күнделік жазу, арманды ақ қағаз бетіне түсіру. Қолыңыздың қары талғанша ойыңыздағы көркем дүниені қағаз бетіне түсіруге асығыңыз. Жазу арқылы қуанышыңызды еселеп, іштегі мұнды жеңілдетесіз. Жазушы болмасаңыз да, қиыннан қиыстырып, қазақтың көр-кем сөздерін қолданып, барынша көсіліп жазу – ол да ұлт игілігіне қосқан үлесіміз. Хакім Абай «Қара сөз» жазу арқылы адамдықтың белгісін көрсетіп кетті емес пе? Жазудан қалсақ, ой-санамызды смай-ликтермен шектеп тастасақ, ілгері басқан аяғымыз кері кетеді ғой. Ұлттың бола-шағына төнген қауіптен абай болайықшы!

«Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды». Ел ішінде қанатты сөзге ай-налған тіркес тіл ұшына орала береді. Уақыттан бастап, тілге кетіліпсіз. Кенен атамыз «Ақынға қара сөзден өлен оңай» деген екен. Атағымыз ай тіреген ақын болмасақ та, сөз бен сөзді мағынасына қарай ұйқастыратынымыз бар. Ендеше сөзімнің жалғасын өлеңмен өрнектейін.

Уақытым қайда қалды демеу үшін,
Оны кім пайдаланды демеу үшін.
Өр жастар өз ұлтыңа қызмет қыл,
Сонда сойқан тағдырдың кемелісін.

Тағатсыз бір қозғалыстан сағат таппай,
Көрінгенге өзіңді мадақтатпай.
Еңбек қылсаң, дос-жаран ел үшін қыл,
Қу құлқыңды соңыңнан салақтатпай.

Өспейді, белгілі ғой, күзде гүлдер,
Ойға өткен оралып түзде күндер.
Қол қусырып отырсақ тағы босқа,
Тегін бақыт береді бізге кімдер.

Биік, бедер, белестен асу үшін,
Жаңа ұлттың сезімін ашу үшін,
Кітап оқып, рухани бай болайық,
Болашаққа нық қадам басу үшін.

Ұлт үшін жазу керек, айту керек, ең-бек ету керек. Осы керектердің басында тұрған, әлбетте, ол – кітап.

Нұрасыл АМАНЖОЛ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университетінің
II курс студенті

Сурет Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің баспасөз қызметінен



• САБАҚТАСТЫҚ

Сезім мен сенім

Махаббат – өткінші әсер емес, өмір бойы сыналатын сезім. Осы бір ұстаным-ды арқау еткен «Сезім = Сенім» атты рухани-танымдық кеш академик Е.Бөке-тов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті қабырғасында өтті.



«Жастар әлемі» журналы жанынан құрылған «Үкілі үміт» ұйымының баста-масымен өткен кештің өзегі – сезім тазалығы мен сенім беріктігі. Тағылымды кеш-тің басты қонақтары – 44 жыл бойы бір шаңырақтың шаттығын бөлісіп келе жатқан ұлағатты ұстаздар, шетел тілдері факуль-тетінің аға оқытушысы Жаңбырбай Қағазба-ев пен жұбайы Айман Анарбекқызы болды. Олардың өнегелі отбасылық ғұмыры – бү-гінгі жастар үшін махаббат пен адалдықтың, түсіністік пен төзімнің айқын үлгісі.

Кеш сахналық композициямен баста-лып, өлеңмен өрілді. Лирикалық әндер әуелеп, ғашықтық жырлары оқылып, по-эзия мен музыка үндестігі көрерменді те-рең тебіреніске бөледі. Мағжан Жұмабаев, Жүмекен Нәжімеденов сынды сөз зергер-лерінің махаббат тақырыбындағы өлең-дерінен қатар, студент жастар өз жүректері-нен туған отты жырларын оқыды.

– Біз бұл кеш арқылы сезімді тек роман-тикалық әсер ретінде емес, сенім мен жау-апкершілікке негізделген өмірлік ұстаным ретінде көрсеткіміз келді. Осындай тағылым-ды кездесулер арқылы олардың жүрегіне ой салып, рухани әлеміне сәуле түсіру – басты мұратымыз. Осы тақырыпты арқау етіп, алдағы уақытта да оқу ордамыздағы үлгілі жұрттарды қонаққа шақырып, жастарға тәлім берсек дейміз, – дейді іс-шараны ұйымдасты-рушылардың бірі, «Үкілі үміт» ұйымының

белсенді мүшесі Эльнура Ұланова.

Кеш сұхбат форматында жалғасып, Жаң-бырбай Ахметұлы мен Айман Анарбекқызы отбасылық өмірдің мәні, бір-біріне деген құрмет пен сенімнің маңызы жайында ой бөлісті. Ғашықтық хаттары оқылып, есті естеліктер айтылып, шәкірттердің бейнеқұп-тықтаулары да кештің сәнін келтірді.

Сонымен қатар, іс-шараға қос ұстаздың шәкірттері мен әріптестері, жас достары, сондай-ақ, Қарағанды медицина универ-ситетінің «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесінің мүшелері, «Жас Алаш» ғылы-ми-зерттеу ұйымы мен «Ұлағат» оқырман клубының белсенді жастары қатысты.

Кештің ажарын аша түскен айрықша тұстарының бірі – «Сезім» қорашпасы. Мұнда студенттер өз жүректерінен шыққан сезімге толы хаттарын салған еді. Кеш ая-сында махаббат жайлы орамды ойлары жа-зылған сол хаттардың бірнешеуі оқылып, көрермендер арасында жүрек жылулығы сезілді десек, артық айтпағанымыз.

Жиын соңында ұйымдастырушылар мен қонақтар бір-біріне алғыс білдіріп, естелік сыйлықтар тарту етті. Кештің шымылдығы әнмен жабылып, рухани әсермен түйінделді.

Қуаныш САЛТАНАТ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университетінің
II курс студенті

• ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

«Жедел жәрдем»

Дәрігер деген тамаша мамандық қой! Дегенмен, «Адамның күні адаммен» екені рас. Салкен Дәрібеков досымыз алдына барған наукас адамға жаны қалмай жағдайларын жасайды деп еститінбіз. «Кісідегінің кілтті аспанда» деген емес пе, ауырған адам қашан да көңілсіз, тіпті, кіріптарлық қалыпта болады ғой, осы бір күйзеліс кезінде көрсетілген көңіл, жасалған жақсылық естен кетер ме?!



Біз бір мектепте оқыдық, екеуміз Қарағандының әйгілі №2 қазақ мектеп-интернатының 1963 жылғы, олар 1964 жылғы түлегіміз. Оқу үздігі болдық. Салкен мен Қуан Оралбеков күміс медальға бітіріп, Салкен мен тағы бір айнымас достары Еркін Баттақов Қарағандының мединиституына, Қуан Мәскеудің электротехникалық байланыс институтына түсті. Айтпағымыз – біз жақсы оқыдық, соның арқасында біздің өмірден алғанымыз да, бергеніміз де баршылық, қанағаттанарлық! Ең үлкен байлығымыз – осы екі класс өте тату болдық, қоян-қолтық араласып жүрдік. Ол кез естен кетпес қызығы мен шыңығы мол бал дәурен еді. Біз бөлінбедік, бүгін де біргеміз. Бірліктің, татулықтың, ынтымақтың туын жыққан жоқпыз. Сондықтан да болар, барлық жұрт бізге қызыға да, қызғана да (жақсы мәнінде!) қарайды. Тәубе!

Студент кезінде-ақ жатақханалардың барлығын, өз командасымен Салкен басқарды деп айта аламыз. Өйткені ол студенттердің кәсіподақ ұйымының басшысының орынбасары болды. Оған студенттік кезі өмірінің естен кетпес кезеңі – үлкен өмір мектебі екен ғой. Жастар ортасында да, институт оқытушылары алдында да абыройлы

болды. Сол кездің өзінде-ақ тұңғыш мемлекеттік награда – В.Лениннің туғанына 100 толу құрметіне арналған мерекелік медальмен марапатталды.

Әскерде жас маман ретінде Ленинград әскери аймағында, Карелия жерінде дәрігер болып екі жылын өтеді. Бұл оның өмірде жолы болған шағы деп ойлаймыз. Кеңес армиясы қатарында дәрігерлік машықтан өту – екінің біріне бұйыра бермейтін тағдыр, сол мол тәжірибе ол үшін өмірлік арқау, өмірінің өзегі болды деп ойлаймыз. Сәкеннің достыққа адалдығы жеке әңгіме. Класстасы, дәрігер Еркін Баттақов екеуінің достығы ерекше еді. Ама! қанша, жан жолдасын сағынып бүгінге дейін жалғызсырайды.

Бірде Серік деген досымыздың жас кезінен ештеңе ауыратын қызыңның жүрегі сыр беріп, бір көмек болса Қырғызстанда аты шығып жүрген қазақ дәрігеріне, жүрек-тамыр ауруларының хас маманына

баруын дұрыс көреді. Бірақ онда бару үшін рұқсат керек, ал, ол мәселе киынның киыны екен. Сәкең араласты, мәселе шешімін тапты, ол бала, міне, бүгінгі күнге дейін арамызда! Бұл Сәкең шапағаты тиген мыңдаған дәрігерлік көмектің бірі ғана!

Ол кезде жедел жәрдем «03» кінаратсыз-ақ істейтін. Сонда да біз «03»-ке емес, Салкеннің өзіне тіке күн демей, түн демей кез келген уақытта телефон шалушы едік. Бір сыр беріп, ренжігені есте жоқ. Өз мандығына ерекше берілгендігінің дәлелі ғой! Ол кезде білікті дәрігерлер де жеткілікті еді. Сонда да Салкенді іздейтінбіз. Себебі көңілі пәк, қолы жеңіл, ол араласса, ауруды жұлып алатындай сезінетінбіз. Бір сөзбен адамдарға сенімділік ұялататын. Сәкен – өте нәзік, адам жанын терең түсінетін психолог.

Сонау ауыр жылдарда, қайта құру, реформалау кезеңінде елмен жұмыс істеді, әлеуметтік саланы көтеруге күш салды, талай митингінде басшылар халық алдына шығуға дәттері бармағанда, біздің Салкен шығып, басу айтатын.

Еңбек жолы былай өрбіді. Әскерден оралған соң 1972 жылы Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар институтында ғылыми жұмыстармен айналысты. Қарағанды металлургия комбинатының конвертер цехында жұмысшылардың еңбек жағдайына физиологиялық және гигиеналық зерттеулер жүргізді. Бүкілодақтық «Металлург» журналында ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жарық көрді, 16 рационализаторлық ұсыныс пен 1 авторлық өнертабыстың авторы. 30-дан астам ғылыми еңбектің, бір мемлекеттік және салалық стандарттың, санитарлық ереженің авторы.

Ал, 1989 жылы Қарағанды қалалық денсаулық сақтау бөлімі менгерушісінің орынбасары болып, 1992 жылы Қарағанды облы-

сы әкімі аппаратына әлеуметтік сала және ішкі істер саясат бөліміне аға референт болуға шақырылады, кейін осы бөлімнің менгерушісі болып тағайындалады. 1998 жылы болашақ астанаға ауысып, Ақмола облысы әкімі аппаратында әлеуметтік сала бөлімінің аға консультанты, Ақмола облыстық міндетті медициналық сактандыру қорының директоры, «Денсаулық» РМҚК облыстық филиалының директоры қызметін атқарды. Тәжірибелі маман, іскер ұйымдастырушы ретінде осы жаңа құрылымдардың тезірек аяктанып кетуіне барынша мол үлес қосты. Ал, 2004 жылдан Қарағандыда «Облыстық медицина апаттары орталығы» мекемесінің бас дәрігері болды.

2009 жылы зейнеткерлікке шықты. Одан кейін де қол қусырып қарап отырған жоқ. Қалалық №3 емхананың директорының орынбасары, облыстық жақ сүйек-бет аурулары ауруханасында төтенше жағдайлар жүйесінің маманы, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастырушы дәрігері болып қызмет атқарды.

Салкен Рамазанұлы денсаулық сақтау ісіне бар саналы өмірін арнаған азамат, ұйымдастырушы. Екі мәрте Қазақстан Республикасы дәрігерлер съезінің делегаты. «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі», «КСРО өнертапқышы», «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің «ІІІ дәрежелі Төтенше жағдайлар жүйесіне еңбегі сіңген қызметкер» белгілерімен марапатталды. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын алу құрметіне ие болды.

Кейінгі бес-алты жылда облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі болып сайланып, оның денсаулық сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясын басқарып келеді. Об-

лыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірге ардагерлерге медициналық көмек көрсету, жеңілдетілген бағамен және тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, санаторий-курорттық емдеуді ұйымдастыру сияқты тікелей міндетімен қатар, дәрігер емес пе, мұнда да «жедел жәрдемнің» қызметін атқаруға тура келіп жүр. Басы ауырып, балтыры сыздайтын адамдар кеңес алып, тіпті, басыдан бастап қосшыға дейін кейбір қол жетпес дәрілерді тауып керуге көмек сұрайды. Мұндай жағдайда тиісті мамандарға жүгініп, тіпті, өз беделіне сүйеніп, кезексіз қаралуына дейін жәрдем беріп жатады. Ана жылы тіпті облыстық кеңес атынан егде тартқан елу адамды Приозерск қаласындағы «Балқаш» санаторийіне емделіп-тынығуға алып барғаны бар.

Ардагерлер кеңесінде істеген қызметі де лайықты бағасын алуда. Ардагерлер қозғалысының 35 жылдығы құрметіне «Қарағанды облысының құрметті ардагері» атанса, өзінің 80 жылдығы қарсаңында Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен және «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен марапатталды. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық «Сенім» кәсіподағы қоғамдық бірлестігі де көп жылғы қоғамдық қызметін ескеріп, өздерінің ең мәртебелі наградасы – Бірлестіктің Үздігі төсбелгісін омырауына қадады.

Мектептес достары
Жеңіс ИМАНОВ,
техника ғылымдарының кандидаты,
Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ доценті,
Аман **ЖАНҒОЖИН,**
Қазақстанның құрметті журналисі,
«Парасат» орденінің иегері.
Сурет автордан

Арқада басталған еңбек тарихы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауында кәсіптік білім беру саласына реформа жасаудың маңыздылығына, жұмысшылар еңбегінің еліміздің өркендеуінде айрықша орын алатынына тоқталды. «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялаймын», – деген болатын.

Мемлекет басшысы Астана қаласында 11-15 ақпан аралығында «Жұмысшы мамандықтары қаласы фестивалін» ұйымдастыртып, жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын осы салаға жауапты мамандардың, жалпы халықтың талқысына салды. Сонымен қатар, Оқу-ағарту министрлігі қолға алған бұл ұтымды шарада болашақ мамандар, жұмыс берушілер мен еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының республика бойынша өзара ынтымақтастығын бағдар етті.

Бұл еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру саласында қызмет атқаратын тәжірибелі өндірістік оқыту шеберлерін, ұстаздарды алыс, жақын шетелдердің колледждеріне жіберіп, тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастырулары – құттарлық іс.

Тұрақты түрде өндірісте еңбек ете бастаған жұмысшылар қауымы Сарыарқа жерінде осыдан 178 жыл бұрын, Ақмола уезіне қарасты Нілді болыстығына жататын Нілді ауылындағы Успенский мыс руднигінде (Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нілді-Успен селолық округі) XIX ғасырдың орта шенінде пайдала болған. Яғни, елімізде тұңғыш рет мыс кенін өндіруді қолға алып, тұрақты жұмыс істеген кәсіпорын 1847 жылы Арқада бастау алған. Еліміздегі мыс өнеркәсібі өндірісінің қарашанырағы болып есептелетін өндірісті өңір жайлы тұңғыш рет 2023 жылдың қаңтар айында академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ғылыми кеңесі монография ретінде бекіткен – «Нілді: Тарих және тағылым» атты еңбегінде (Успенский мыс руднигі, Қарағанды көмір кен орындары, Спасск, Қарсақбай мыс заводтары) жазғанмын.

XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында бүгінгі Сарыарқада тұңғыш рет ашылған Успенский мыс руднигінде жергілікті ұлт өкілдері жұмысшы мамандықтарын біртіндеп игеріп, өнеркәсіпте жұмыс істеуге қалыптаса бастаған кезең болатын.

1847-1904 жылға дейін мыс өнімдерін өндірген Ресей кәсіпкерлері Никон Ушаков пен Аникий Рязанов болса, 1904-1920 жылға

дейін француз кәсіпкері Жан Клод Карно, ағылшын Нельсон Феллдің, кейін ағылшын қаржы компанияларының иеліктерінде болған. Осы шетел кәсіпкерлерінің жергілікті кеншілердің құқығын шектеуге орай, монографияда Успенский мыс руднигінде 1905 жылдың желтоқсан айында, рудник жұмысшыларының тұңғыш қозғалысын басқарған, олардың құқын қорғау жолында аянбай тер төккен, тұңғыш кәсіподақ лидері болған қазақ Әлі (Әлімжан) Байшағыровтың тұлғасын ел тарихында тұңғыш рет толық қамтығанмын.

Успен руднигіндегі төрт жүзге тарта жұмысшының 80 пайызға жуығы қазақтар болғандықтан, кеніш басшысы Мартин орыс тілін жақсы меңгерген Әлімжан Байшағыровты «староста» етіп тағайындап, орыс-қазақ жұмысшыларының арасында туындаған түрлі жағдаяттарды сол арқылы шешіп отырады. Рудник басшысы Мартин Әліді Оралдағы Нижний Тагиль қаласына қысқа білім көтеру курсына жібереді. Бұл қалада Әлі Байшағыров тау-кен мамандығы оқуын бітірген көзі ашық Николай Топорнинмен танысып, оны қазақ еліндегі Успен руднигіне жұмысқа шақыру ойы туындайды. Мұндағы мақсаты Рудникте құқықтары мүлде сақталмай жатқан қазақ, орыс тілді азаматтарға насихат жұмысын жүргізіп, саяси тұрғыда сауатын ашып, рудник басшыларына заңды талаптарын қою болатын. Топорнин Әлідің шақыруын қабыл алады. Успен руднигіне қайта оралысымен Успенский руднигінің басшысы Мартин Әліді кен казу жұмысынан ауыстырып, нарядчик әкімшісі етіп тағайындайды. Әлідің ұсынысын қабыл алған Топорнин Успен руднигіне келіп, досы Байшағыровтың үйіне орналасады. Оралдың тау-кен техникумын бітірген досы Топорнинді Әлі Мартинға айтып, шахтаға бригадир етіп орналастырады.

Успен руднигі жұмысшыларының мүлде сын көтермейтін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын Топорнин өз көзімен көреді. Әлі мен Топорнин екеулеп жұмысшылардың құқықтарының тапталып жатқандығы туралы түсіндіруді бастайды.

Осы кезеңде орыс-қазақ мектебі ашылатынынан дәмелі, бақуат-



Нілді (Өспен) мыс кеніші

ты әулеттен шыққан Сейфолла (Сәкен Сейфуллиннің әкесі) ақсақал, алғыр баласы Сәкенді Қарашіліктен жұмысы қайнап жатқан Успенский руднигіне әкеледі. «Нілді ауылында орыс тілін үйренсін!» деп өндірісте шыңдала бастаған досы Әлі Байшағыровтың ауылына әкеліп, ағайыны Зәкірбек Боздақтегінің үйіне орналастырады. Балаң Сәкен Әлідің үйінде жиі болады. Әлі мен Топорниннің жұмысшылардың құқығын қорғау жолындағы қызу жұмысын Сәкен көзімен көріп, ой-өрісі жетіле түседі.

1905 жылдың желтоқсан айында рудник шахтасының төбесі құлап, көптеген орыс-қазақ жұмысшысы қаза табады. Қаралы митингі жүргізген Әлі Байшағыров жұмысшыларға құқықтарының мүлде қорғалмай жатқанын нақтылап айтып, қаза болған орыс-қазақ жұмысшыларын бөлмей, бір бейітке «Бауырластар зиратына» жерлейтінін хабарлайды.

Рудниктегі ушығып тұрған ахуалды кеншілердің күндегі тамаққа таласы одан сайын ушықтырып, Әлі Байшағыров бастаған «орыс-қазақ одағы» құрылып, оған И.Низовитин, П.Топорнин, Ысқақ Қасқабаев, С.Невзоров, Батырбайұлы, Өмірбекұлы, М.Жилиндер мүше болады.

Жұмысшылардың арасында Ресей социал-демократ жұмысшы партиясының манифесті оқылып, таратылады. Әлі Байшағыров, Топорнин, Ерофеев, Белоглазов, Низовитин, Ысқақ Қасқабаев, Невзоров, Засыпкиндер басшы болып, мәжіліс шақырып, ереуілге шығу мәселесін талқылайды. Осы мәжілісте жұмыскерлердің атынан петиция дайындау, оны өндіріс қожасына тапсырып, жұмысшылардың

мүддесін қорғау үшін 4 (төрт) адамнан тұратын депутация сайлайды. Олар – Әлі Байшағыров, Топорнин, Мартылого, Невзоров. Петиция орыс тілінде дайындалып, мәтініне сәйкес қазақшасын Өтемісұлы, Батырбайұлы, Өмірбекұлы жазады. Бұл петицияның көшірмесі орталық газеттерге жіберілісін деп көрсетілді...

1905 жылдың 6-желтоқсанында Спасск мыс зауытының директоры Нельсон Феллге петиция-хат жолданады. Онда өндіріс қожайының алдына төмендегідей талаптар қойылды:

1. Бізге сатылып тұратын барлық азықтүліктің тезінен бағасы төмендетілісін. Себебі, қазіргі бағаны жоғары және заңсыз деп санаймыз. Өйткені, дүкен ай сайын орта есеппен 250 сом ыңғай таза табыс келтіріп отырады. Ендеше, ол қымбат бағалы сауда орыны болғаны. Азықтүлікке бағаны жоғарылату бар, мысалы ұнға, рудникке ұн келіп жеткенше, бірнеше қолдан өтеді. Ақмола қаласында ұнның пұты 40 тиын болса, мұнда бір сом қойылып, шамадан тысқары бағаммен сатылып отыр.

2. Жұмыс уақытын 12 сағаттан 8 сағатқа түсіруге, жұмысшылардың еңбек ақысын айына 50 сомға дейін алатындарына 50%, 50 сомнан жоғары алатындарына 15% өсірілісін және жұмысшыларға бір айлық еңбекақы күні бұрын беріліп, олардың мойнындағы борыштары алдырылсын.

3. Сулы жер, забойларда істейтін жұмысшылар су өтпейтін сыртқы және аяқ киімдерімен тегін жабдықталсын. Бақытсыздыққа ұшыраудан күні бұрын сақтану үшін шахталар ішіне тезінен баға-

налар тірелсін.

4. Орталық Ресейдегі мектептер үлгісімен жақын арада 4 (төрт) бөлімді орыс-қазақ мектебі салынсын...

5. Тез арада қазақ жұмысшыларының (казарма) казармаларының терезелері әйнексіз, амалдап қаптап, шоқыттармен бітеп қойған, мұндай қалыпта тазалық сақтау мүмкін емес.

Ереуілшілер «Осы талаптарды орындауға 5 тәулік уақыт береміз (7.XII-12.XII.1905 ж.), ал, орындалмаса, жалпыға бірдей орыс-қазақ ереуілін жариялаймыз және оны Спасск, Қарағанды кеніштерінде жалғастырамыз», – деп мәлімдейді.

Қорытындысында өндіріс қожайындары петицияның 6-шы буыннан басқасын түгелдей қабылдайтын болады.

Нілді зауытының жұмысшылары мен қызметкерлерінің ереуілі, 1905 жылғы орыс революциясы кезінде Қазақстандағы тұңғыш саяси ереуіл болды. Бұл ереуіл жергілікті жұмысшы табының шетел кәсіпкерлерінің алдында өз құқығын қорғауға жасаған алғашқы қадамы болатын.

Менің «Нілді: Тарих және тағылым» атты монографиямды негізге алған Қарағанды облысы кәсіподақ орталығының төрағасы Болат Жұмабеков 2023 жылдың тамыз, қыркүйек айларында облыстық кәсіподақ лидерлерімен арнайы Кеңес өткізді. Онда 1905 жылы Успенский мыс руднигінде Әлі Байшағыров басқарып ұйымдастырған тұңғыш Жұмысшылар қозғалысына 2025 жылы 120 жыл толатындығына тоқталды. Ол монографияның авторы еңбегін шығарар алдында, «Әлі Бай-

шағыровка қатысты тұстарымен ақылдасқаны туралы» айта келіп, елімізде тұңғыш рет рудник жұмысшыларының құқын қорғап, кәсіподақ лидері болған Әлі Байшағыров тұлғасымен тереңірек танысу үшін, өзінің орынбасары Т.Шатохинаның басқаруымен 2023 жылдың 10 қазанында атап өтілетін Кәсіподақтар мерекесі алдында Әлі (Әлімжан) Байшағыровтың туған еліне экспедиция ұйымдастыруды ұйғарды. Экспедиция мүшелері және Әлі Байшағыров бабамыздың туған немересі, осы ауылдың әкімі болған Егінбай Әліев кезінде Успенский мыс руднигі орналасқан, Өспен (тарихи аты Нілді) ауылына келіп, өндіріс орнының бүгінгі әлеуметтік-тұрмыстық сипатымен тұңғыш рет ресми түрде танысты.

1906 жылы Әлі Байшағыровтың бастамасымен, жергілікті жұмысшылармен асарлап жүріп, тұрғызылған бастауыш орыс-қазақ мектебінде болды. Өрине ол бүгінде тұңғыш өндірістің тарихына арналған «Сәкен музейі» деп аталады. Бұл бастауыш мектепте 1922 жылдың қазан айынан 1924 жылдың қазан айына дейін, Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болған, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин 1906 жылдың қызын 1909 жылдың күз айына дейін оқыған.

Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында әлеуметтік және еңбек қатынастарын ретке келтіру және әлеуметтік әріптестік туралы Қарағанды облыстық ұшжақты комиссиясының шешімімен Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысының қалыптасу тарихы және қазіргі кезеңде еңбекші халықтың мүддесі үшін әлеуметтік серіктестіктің нығаюуына бағытталған деректі көркем фильм жасауға туралы мәміле жасалды.

Мемлекет басшысы Жолдауын жұмысшы мамандықтарын, еңбек адамдарын дәріптеу арқылы «Қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз, адал әрі табанды еңбегімен табасқа жеткен адамдар қаңдама құрметті, сыйлы болу керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді» деп қорытындылаған еді. Біз де мұны қос қолдап қолдаймыз!

Жұмағали МАҒЗИ,
«Қазақстандық оқу ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасының кеңесшісі
Сурет автордан

Полиция сыныбы ашылды

Еліміздің «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында Қарқаралы қаласында орналасқан Әлімхан Ермеков атындағы орта мектепте «Жас сақшы» полиция сыныбының салтанатты ашылуы өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Білім ұясындағы іс-шара алтыншы сынып оқушыларының ант қабылдау рәсімімен басталып, маңызды тәрбиелік мәнге ие болды. Полиция қызметкерлерінің нысанды киімін киген 20 оқушы өз болашағын құқық қорғау саласымен байланыстыруға ниет білдіріп, мектеп ішіндегі тәртіпті сақтауға, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын



алуға, заң мен тәртіпке құрметпен қарауға серт берді. Ант қабылдаған жас сақшыларды Қарағанды облысы полиция де-

партаменті бастығының орынбасары Нұриден Дауылбаев құттықтап, сәттілік тіледі. Нұриден Әбілханұлы мектеп әкімшілі-



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

гіне, ұстаздар мен ата-аналар комитетіне, сондай-ақ демеушілерге Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының Алғыс хатын табыс етті.

Іс-шара аясында қызмет атқарып жүріп, балаларды құтқару кезінде қаза тапқан азамат, жергілікті ішкі істер бөлімінің қызметкері Қайрат Жұмабековтің құрметіне арналып мектепте ұйымдастырылған «Жас сақшы» кабинеті ашылды. Аталған игілікті шараға ата-аналар, оқушылар, ардагерлер мен жастар қатысты. Осындай тағылымды істерге қатысу арқылы өскелең ұрпақ елін сүйетін, заңға құрметпен қарайтын патриот азаматтар болып қалыптасатынына сенім мол.

Сурет Қарқаралы ауданы әкімінің баспасөз қызметінен



Еске алу

Абай қаласының тұрғыны, Ақтоғай ауданының тумасы **Құлпан Шаймерденқызы ТӘЖЕНОВА** – елге сыйлы, көпке үлгі болар парасатты жан еді.

Құлпан апа немере-шөберелеріне ақылшы болған ардақты әже, ұжымына қадірлі, көп жыл кітапхана саласында абыроймен еңбек еткен құрметті кітапханашы болды. Ол Қаратал совхозында 30 жыл табан аудармай еңбек етіп, өз ісіне адал, жауапкершілігі мол маман ретінде танылды.

Жолдасы – Өбікен Бақмағанбетұлы Тәженовпен бірге үш бала тәрбиелеп өсірді. Өкінішке қарай, екі перзенті ерте шетінен кетті. Бір қызы – Айнагүл Тәженова музыкалық колледжді тәмамдап, отбасын құрып, бүгінде ұрпақ өрбітіп отыр. Немерелері мен жиеңдері әр салада білім алып, еңбекке араласып, әже үмітін ақтауда.

Құлпан апа жастайынан еңбекке ерте араласты. Қаратал совхозында тұрған кезінде көлік қатынасы қиын шақта Ақтоғайдан кітап пен газетті аптен тасып, елге рухани азық жеткізген жан еді. Ол – ата-анасының ерке қызы, жалғыз ағасы Жаңқаштың бауырмал қарындасы болатын. Бос уақытын мазмұнды өткізіп, өзі де зерделі, талғампаз оқырман ретінде танылды.

Елеулі еңбегі үшін көптеген Алғыс хаттар мен марапаттарға ие болды. Жүрегі мейірімге толы, жүзі жылы, сөзі енегелі жанының жарқын бейнесі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Жақсылықтың шуағы едің жан-жағына, Мейірімін мол еді баршаға да. Көзден кетсең де, көңілде мәңгі қалдың, Ақ ниетті, асыл жан, ардақты ана. Ізін қалды ұрпағының жүрегінде, Есімінді еске аламыз тілекпен де.

Иманды болыңыз!

Еске алушы: **Камиля Ибраева**, қызы – **Алтынай Райымбекова**.

№505

• ЖОБА

Бала денсаулығы – назарда

Балқаш қаласында Әлімхан Ермеков атындағы мектепте заманауи стоматологиялық кабинет өз жұмысын бастады. Аталған кабинет «Денсаулықты нығайтатын мектеп» жобасы аясында ашылып отыр.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның негізгі мақсаты – оқушыларға сапалы білім мен тәрбие берумен қатар, олардың денсаулығын нығайту, әсіресе, тіс ауруларының алдын алу. Жаңа стоматологиялық кабинет заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Кабинеттің жалпы құны 3 миллион 500 мың теңгеге кұрайды.

Балқаш қалалық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Дүбірбекованың айтуынша, бұл бастама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен жобалары аясында жүзеге асырылып отыр.

– Стоматологиялық кабинет Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2025-2028 жылдарға арналған жол картасы негізінде ашылған. Жобаның басты мақсаты – мектеп жасындағы балалар арасында тіс ауруларының алдын алу және

стоматологиялық денсаулық деңгейін арттыру. Айта кетерлігі, барлық профилактикалық және емдеу шаралары оқушыларға тегін көрсетіледі. Бұл – үлкен әрі маңызды жоба. Сонымен қатар, Қарағанды облысының білім және денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп, оқушыларды саламатты өмір салтына бейімдеуге бағытталған қадам, – деді Қарлығаш Дүбірбекова.

Бірінші санатты дәрігер-стоматолог Гүлнар Куанышбаеваның мәлімдеуінше, кабинетте балалардың ауыз қуысына профилактикалық тексерулер жүргізіліп, тісті дұрыс тазалау, ауыз қуысының гигиенасын сақтау жолдары үйретіледі. Сонымен қатар, асқынбаған тіске құрт түсу, ауыз қуысы шырышты қабығы мен пародонт ауруларының жеңіл түрлері емделеді.

– Егер асқынған жағдайлар анықталса, оқушылар мамандандырылған стоматологиялық емханаларға жолданады. Барлық емдеу жұмыстарын білікті дәрігер-сто-



матолог жүргізеді, – деді маман.

Айта кетейік, жаңа стоматологиялық кабинеттің ашылуы оқушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған маңызды қадам болып отыр. Бұл бастама

алдағы уақытта басқа мектептерде де жалғасын табады деп күтілуде.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• АГРОКЕШЕН

Нан иісі аңқыған өңір

Нұра ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі 2025 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысын шығарды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Нұра – аймақтағы астықты өңірлердің бірі. Биыл аудан дикандары 326 мың 400 гектар алқапқа жаздық дақылдар тұқымын сіңіріп, өңірдің бос жатқан жерлерін тиімді айналысқа енгізді. Нәтижесінде дәнді дақыл егілген алқаптар көлемі 300 900 гектарға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 10 100 гектарға артты. Биыл 274 200 гектарға бидай, 23 800 гектарға арпа, 2 900 гектарға сұлы, 18 700 гектарға майлы дақылдар, 1 088 гектарға картоп егілген болатын.

Астықты мынақтестерден қорғау үшін 414 мың литрден астам дәрілік заттар қолданылып, 35 мың гектар алқапқа минералдық тыңайтқыштар себілді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 13 миллиард 987 миллион теңгеге құрады. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары аясында 206 шаруашылыққа 1 миллиард 348 миллион теңге субсидия төленді. Көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 49 шару-



ашылыққа 3 миллиард 473 миллион теңге несие берілді.

Нұралық дикандар берекелі күзде 376 мың тонна дәнді дақыл өнімін жинады. Гектар түсімділігі 12,5 центнерді құрады. Картоптың орташа түсімі әр гектардан 319 центнер болса, майлы дақылдардың өнімділігі 8,7 центнерге жетті.

Аудан жайылымдарында 60 500 жылқы, 77 900 бас қой-ешкі, 45 мыңнан астам сиыр бағылуда.

Биыл агроөнеркәсіптік салада 8,5 миллиард теңгеге 6 инвестиция-

лық жоба қолға алынды. Бұл жобалар өңірдің ауыл шаруашылығы мүмкіндігін одан әрі арттыру үшін қызмет етеді.

Нұралық шаруалар Астана, Қарағанды және Шахтинск қалаларында өткен «Ауыл берекесі-2025» жәрмеңкелерінде тұтынушыларға 120 тонна ет, 50 тонна картоп, 11 тонна сүт өнімдерін ұсынды.

Қарашада Астанада өткен агроөнеркәсіп еңбеккерлерінің II форумында «Жараспай»

ЖШС бригадирі Асаутай Қожыхановқа Мемлекет басшысы III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін табыс етті.

Нұралық шаруалар өңірдің экономикалық тұрғыдан өсіп-өркендеуіне, адамдардың әл-ауқаты артуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Олардың еңбегі – береке мен бірліктің, тұрақтылық пен өсудің кепілі, ұдайы солай бола береді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жылғы қорытынды

2025 жылы Қазақстан Республикасында діни қызметті, миссионерлік әрекеттерді, қоғамдық өмір мен сыртқы келбет мәселелерін реттейтін заңнамалар қолданыста болып, нақтылаулар енгізілуде.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабының 3-бөліміне сәйкес, мемлекеттік тіркесуіс миссионерлік қызметті жүзеге асыру, діни әдебиет пен материалдарды діни-ғылыми сараптамадан өткізбей пайдалану, тіркелмеген ұйымдардың ілімін тарату айыппұлдарға әкеп соқтырады. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін әкімшілік тәртіппен елден шығару көзделген. 490-баптың басқа баптары діни әдебиетті енгізу, шығару немесе тарату талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырады.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сәйкес этика кодекстері ресми спорттық шараларда діни насихат үшін жауапкершілікті белгілейді. Санкциялар: тәртіптік шаралар, ескерту және жарыстардан шеттету.

«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Заңға және ӨҚБҚ-ға енгізілген түзетулер бойынша, қоғамдық орындарда тұлғаны тануға кедергі келтіретін, бетті толық жабатын киім (мысалы, никаб немесе балаклава) кию әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бірінші бұзушылық үшін ресми ескерту, қайталанған жағдайда айыппұл салынады.

ӨҚБҚ діни жиындар мен діни материалдарды таратуға қатысты талаптарды бұзғаны, ұйымның жарғысына сай келмейтін қызметті, діни бірлестіктердің саяси іс-шараларға қатысуын қадағалайды. Мұндай бұзушылықтар үшін айыппұлдар, қайталанған жағдайда – қызметті уақытша тоқтату немесе тыйым салу қарастырылған.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды облысы Діни бірлестіктер клубының модераторы,
«Қазақстанның терроризмге қарсы комитеті»
РҚБ ҚОФ басшысы

№246

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының соты тарапынан Қарағанды қаласы, Восток-3 ш/а, 9-46 мекенжайының тұрғыны, 1935 жылы 3 ақпанда туған Александра Владимировна Луковскаяның Қарағанды облысының тумасы Вильмор Фридрихович Гекельманның қайтыс болғанын тану туралы 3570-25-00/2447 өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Азаматтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдар жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде бұл туралы сотқа хабарлауы керек.

№520

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері еңбек ардагері, қоғам белсендісі, Қарағанды қалалық мәслихатының 3-6 шақырылымдарының депутаты Жәнділ Мұхтаровқа ұлы **Төлегеннің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Азияны бағындырды

Түркияның Анкара қаласында тоғызқұмалақтан ересектер арасында Азия кубогы өткен болатын. Сол чемпионатқа әлемнің 10 мемлекетінен 100-ге жуық спортшы сынға түскен. Ұлттық құрама сапында облыс атынан өнер көрсеткен жерлесіміз апалы-інілі Аңсаған мен Асылхан Қожанәсіп алтыннан алқа тақты.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

— Аңсағанның қарсыластары осал болмады. Түркия, Бангладеш, Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген кіл мықтылармен кездесті. Солардың ішіндегі ең басты қарсыласы — қызылордалық спортшы. Бұл кездесу тартысты әрі қиын өтті. Десе де, Аңсаған жеті кездесу өткізіп, жеті кездесуде де жеңіске жетті, — деді тоғызқұмалақтан Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы, Аңсаған мен Асылханның жеке жаттықтырушысы Сәуле Қаратай. Ал, тоғызқұмалақтың блиц түрінен ерлер арасында сынға түскен Асылхан Қожанәсіп те жеті қарсыласын жеңіп, алтыннан алқа таққан. Жалпы, Асылхан — тоғызқұмалақтан Қазақстан зияткері. Былтыр ел, әлем чемпионатында топ жарған. Биыл Азия кубогында алғаш рет өнер көрсетіп, бұл чемпионаттың да үздігі атанды.

— Чемпионат шарты бойынша, жеребе тартылады. Кейін жеңген

спортшылар бір-бірімен ойнаса, жеңілгендер өзара күш сынасты. Соңында кім көп ұпай еншілейді, сол чемпион атанады. Аңсаған мен Асылхан бұл жолы да үздік шықты. Асылханның басты қарсыласы — Өзбекстан мен Моңғолия спортшысы болды. Қазір екі елдің спортшыларының қарқыны күшті. Десе де, қателікке бой алдырмай, жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Алдағы уақытта Румынияда әлем чемпионаты өтеді. Енді тіг соған жолдама алуды көздеп отырмыз. Ақпан айында Павлодарда ел чемпионаты басталады. Содан кейін Қырғызстанда VI Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді. Оған да жолдама алу үшін тер төгу керек. Көшпенділер ойындарына жолдама екі кезең арқылы беріледі. Қазіргі уақытта дайындығымыз жақсы, — деді Сәуле Салдарбекқызы.

Сурет спортшылардың жеке мұрағатынан

• БАЙҚАУ

Жыл үздіктері анықталды

Тәуелсіз Қазақстанның дамуында мәдениет пен өнер, білім мен ғылым саласында һәм қоғамда белсенділік танытып жүрген қайраткерлер және жылдың үздік айтыс және жазба акындары мен жас қаламгерлері анықталды. Оларға халқымыздың қаһарман ұлы, Мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенев атындағы жүлде табысталды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін іс-шараға биыл облыстың ішкі саясат басқармасы, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және халық шығармашылығы орталығы, АМАНАТ партиясы, «Айтыс акындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының» облыстық филиалы және «Арқа» айтыс акындары мен жыршы-термешілер мектебі, сонымен қатар, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетіндегі «Тұлағану» ғылыми-зерттеу орталығы қолдау көрсетті.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Жыл сайын ұйымдастырылатын іс-шараға мұрындық болып, ұлы қайраткер есімін ұлықтаушы — белгілі айтыскер акын, облыстық мәслихаттың депутаты Айтбай Жұмағұлов. Арқадағы оннан астам жас акынның тұңғыш кітабы Жұмабек Тәшенев атындағы «Жылдың үздік акыны» сыйлығының аясында жарық көрген еді.

Бүгінде Арқа жұрты асыға күтетін іс-шараның алғысөзін облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов айтты.

— Жұмабек Тәшеневтің өнегелі ғұмыры, ерлігі болашақ ұрпаққа керек. Сол себепті де, халық қаһарманын барынша дәріптеу — аға толқынның алдындағы борыш. Мемлекет басшысы биік мінберлерде айтып жүрген «Адал азамат» ұстанымына осы Жұмабек ағамыздың ұстанымы толықтай сәйкес келеді. Қаһарман атындағы сыйлық талай азаматты



жақсылыққа шақыратынына, қанаттандыратынына кәміл сенемін, — деді Нұрлан Бикенов.

Ігі шараның мақсаты — жастардың шығармашылығын шыңдап, оларға қамқорлық көрсету және де елге адал еңбек етіп жүрген қоғам белсенділерін насихаттау.

Жыл сайын Жұмабек Тәшенев жүлдесін тағайындап, жас ақындардың жыр жинағын шығарып, ел құрметіне бөленіп жүрген Арқаның Атымтай Жомарты атанған Сапар Ибкеевке ұйымдастырушылар тарапынан алғыс айтылды.

Жұмабек Тәшенев атындағы жүлдемен жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбие мен азаматтық мінез қалыптастырудағы көп жылғы еңбегі мен өңіріміздің руханиятының дамуына ерекше үлес

қосқаны үшін Ғабит Тұяков пен Төлеу Жанғалов және Еркебұлан Бескеев марапатталды.

Ғалым Нұрланов «Жылдың үздік қайраткері» атанды. «Жылдың үздік айтыскер акыны» номинациясында Әлихан Сейфуланың мерейі үстем болды. Аталым жеңімпазына облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы домбыра сыйлады.

Қазақ поэзиясының дамуына және еліміздің рухани кемелдену жолына ерекше үлес қосқаны үшін «Жылдың үздік акыны» сыйлығы Мейрам Жұмабековке бұйырды. Әлімжан Жақан «Жылдың үздік қаламгері» болды. «Ғылым мен білімге және ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі үшін» номинаци-

ясымен Саржан Такиров марапатталады. «Оқу-ағарту және ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі үшін» номинациясының жүлдесі Бекбай Смағұловқа берілді. Айдын Салбанов «Жылдың үздік мәдениет және өнер қайраткері» атанды. «Жылдың үздік тілшісі» — Нұрлыхан Қалқаманұлы, «Жылдың Атымтай Жомарты» — халыққа қайырымдылық жасауда, өңіріміздің рухани дамуына демеушілік жасап, қолдау көрсетіп жүрген кәсіпкер, меценат Бауыржан Мұсаханов және меценат Айдос Ақшонтаев, «Жылдың үздік белсендісі» — Меруеш Башай.

Батырхан Кәрібай есімді азамат жүлдегерлерге «Жұмабек және жер майданы» кітабын табыстады.

Сурет автордан

• ФУТБОЛ

Шеберліктерін шыңдады

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының U17, U18 және U21 командасы Шымкент қаласында негізгі құраммен бірге оқу-жаттығу жиындарына аттанған еді. Бұл — клуб тарихында алғаш рет тіркелген ерекше тәжірибе. Бүгінде жасөспірімдер командасының бас бапкері Игорь Солошенко мен Рафаэль Хамидуловтың басшылығымен командалар жаңа футбол маусымына дайындық жұмыстарын толық аяқтады.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда клуб жастарына барынша көңіл бөлуде. Себебі, дәл осы жерден шыққан футболшылар алдағы уақытта клубтың негізгі құрамында өнер көрсетпек. Сондықтан, бапкерлік штаб бүгіннен бастап жастарды дайындап, бақылау жұмыстарын жүргізуде.

Оқу-жаттығу жиындары аясында негізгі құрамның ойыншылары Игорь Шацкий, Михаил Габышев пен Рифат Нурмугамет жас футболшылармен кездесті. Жас ойыншыларға кәсіби мансабы жайында сөз қозғап, жаттығу



үрдісін баяндады. Сонымен қатар, жастар кәсіби футболшыларға көкейіндегі сұрақтарын қойып, мардымды жауап та алды. Сондай-ақ, клубтың 2010 жылы туған тәрбиеленушілері «Түркістан» және «Оңтүстік» жастарымен жолдастық кездесу өткізіп, өзара тәжірибе алмасты.

Ал, Игорь Солошенко болса, оқу-жаттығу жиындарының жоғары деңгейде өткенін баса айтты.

— Оқу-жаттығу жиындары-

ның басты мақсаты — 2026 жылғы маусымға дайындалу. Мұнда барлық жағдай жасалған. Керектінің бәрі бар. Жаттықтырушылар штабында да ешқандай мәселе жоқ. Жаттығулар үшін екі алаң берілген. Жиын залы да бар. Біз осында келгенімізге қуаныштымыз. Осындай оқу-жаттығу жиындарының негізінде клубтың мүмкіндігі артатыны сөзсіз, — деді ол.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КУРЕС

Батыр рухына тағзым

Қарағандыда Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Нүркен Әбдіровті еске алуға арналған грек-рим, еркін және әйелдер күресінен республикалық турнир өтуде. Биыл 57-ші мәрте өткізіліп отырған бәсекеге елдің барлық өңірінен 500-ге жуық спортшы қатысуда.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған чемпионат бес күнге жоспарланған. Жарыстың алғашқы күндерінде бозкілемге грек-рим күресінің сайыпқырандары шығып, бес салмақ дәрежесінде екі күн бойы кіл мықтыны анықтады. Жарыстың үшінші күні әйелдер күресінен белдесулер өтсе, соңғы екі күнде еркін күрес балуандары жүлделерді сарапқа салмақ.

Бүгінде грек-рим күресінен өткен турнир өз мәресіне жетті. Бұл сайысқа 2008 жылы туған және одан жоғары жастағы спортшылар қатысқан. Ал, облыс атынан 30-ға жуық балуан қатысып, жүлде үшін барын салды. Солардың қатарында 77 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен, спорт шеберлігіне кандидат Саят Ергали да бар. Ол аталған турнирге үш белдесу өткізіп, чемпионаттың қола жүлдесіне қол жеткізді.

— Күреспен 10 жылдан бері айналысамын. Ең бірінші спорт-



тық жолым Теміртауда басталды. Қазір Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мектеп-интернат-колледжінде оқимын. Осы чемпионатта алғашқы белдесуімде алматылық балуаннан жеңіліп қалдым. Кейін қарағандылық қарсыласымды жеңіп, қола жүлде үшін өтетін белдесуге жолдама алдым. Бұл белдесуде маған оңай болған жоқ. Алғашқы минуттар қарсыласым менен айла-

сын асырып, үш ұпай еншіледі. Содан кейін өз-өзіме келіп, барымды салдым. Нәтижесінде 5:3 есебімен жеңіп, қола жүлдегер атандым. Алдағы уақытта ел чемпионаты басталады. Соған дайындыққа кірісемін, — деді Саят Ергали.

Турнир 26 желтоқсанға дейін жалғасады.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZKX БИН 000840001412	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Тарапымы 3 526 №143 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ						Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР	